



● ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – ТАҒЫМ!



Ән жетті қырандар мекенінен

Әлібек
ЫБЫРАЙ

Ел тәуелсіздігінің ширек ғасырлық тойы жыл басында басталып кетті. Қостанайда қаңтар айының өзінде бірқатар мәдени-

көпшілік шаралар ұйымдастырылғаны белгілі. Торғай таланттарының ән кеші де Тәуелсіздік мерекесіне лайықты тарту болды. Оның үстіне биыл Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл толады.

СУРЕТТЕ: концертті ұйымдастырушы, белгілі өнерпаз Ырысты Ерденева өнерпаздар ортасында.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Шекара айқындау жұмысы әлі де жүргізілмек

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

2011 жылғы маусым айынан бері өңірдің Ресей мемлекетімен шектесетін аумақтарына шекаралық белгілерді қою үшін демаркациялық (айқындау) жұмыстардың басталғаны белгілі.

Бұл жұмыстардың дені қазір аяқталуға жақын. Мұның мәнісін облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Абдуов аппарат мәжілісінде баяндап берді.

– 2005 жылы мемлекеттік шекараның барлық ұзындығы бой-

ынша делемитациялау (белгілеу) жүргізіліп, екі елдің (Қазақстан-Ресей) парламенттерімен келіссөз болып, 1310 шақырым жер ұзындығы бекітілді. Біздің өңірдің үлесіне тиесілі сол 1310 шақырымды құрайтын жер көлемі 8 ауданмен түйіседі. Атап айтсақ, Жітіқара, Қамысты, Денисов, Таран, Қарабалық, Федоров, Меңдіқара және Ұзынкөл аудандары, – деп Нұрлан Әбдірахманұлы Ресейдің Орынбор облысымен 206 шақырым, Челябин облысымен 841 шақырым, Қорған облысымен 263 шақырым жердің шектесіп жатқанына тоқталды.

Бағзыдан ауылы аралас, қойы қоралас көршіміз Ресей мемлекетімен шекаралық аумаққа белгілер орнату үшін жұмыс тобы құрылғанын, оған "Казгеокарт" РМҚК-ның мамандарымен бірлескен нәтижелі жұмыстар атқарылғанын да әңгімелеп берді басқарма басшысы.

Бірақ, қанша дегенмен де жүргізілген бұл жұмыстардың әлі де шикілеу тұстарын байқаған облыс әкімі шекараны нақты орнату үшін 100 метрлік жолақ өткізуге республикалық бюджеттен 70 млн. теңге сұраған басқармаға тапсырма жүктеді.

– Әрине, шекаралық аумақты айқындау үшін біраз істі тындырғандарыңды жақсы түсінемін. Бұл әлгінде айтқан 8 ауданға қатысты болып отыр. Енді осы жұмыс жайында нақты сараптама керек. Ол бар ма? Мәселен, шекаралық аумақта егіндік, шабындық алқаптар бар. Сол жер учаскелеріне жолақ өткізгенде шаруа қожалықтарына, ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне қаншалықты шығын келмек? Әрбір гектарын анықтадыңыздар ма? – деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

– Гектарын анықтамадық,

яғни, жоқ. Дегенмен, 250 жер учаскесі бар. Есептегенде 70 млн. теңге қаражат қажет, – деп жауап қатты Нұрлан Абдуов.

– Сіз алдымен, есеп-қисабын анықтап алыңыз. Облыстың да шығынын біліңіз. Өйткені олар (шаруа қожалықтары) біраз жерлерінен айрылып қалады ғой. Барлығын қарастырыңыз. Тіпті, ескертіп қойыңыз, жер учаскесі барларына. Жеті өлшеп, бір рет кескен жөн мұндайда, – деп өңір басшысы басқарма басшысының шекаралық аумақты анықтаған кейбір мәліметінің өртүрлі екендігіне де тоқталып, сын да айтты.

Жаңа тағайындау

ҚР инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығымен Асылболат Нұрханұлы Қайырғалиев ҚР инвестициялар және даму министрлігі көлік комитетінің Қостанай облысы бойынша көлік бақылау инспекциясының жетекшісі болып тағайындалды.

Асылболат Нұрханұлы Батыс Қазақстан облысында 1980 жылы 23 тамызда дүниеге келген.

2002 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін "Музыка мұғалімі" мамандығы бойынша тәмамдаған. 2010 жылы Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін "Тасымалдау, қозғалыс және көлікті тұтынысқа беруді ұйымдастыру" мамандығы бойынша аяқтады.

Еңбек жолын 1997 жылы Астана қаласына қарасты Теректі аудандық балалар музыка мектебінде мұғалімдіктен бастаған.

2008-2009 жылдар аралығында "Ақпараттық-таныстырылым орталығы" РМК нысандарды эксплуатациялау басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген.

2009-2013 жылдары Сарыарқа ауданаралық көліктік бақылау инспекциясының Астана филиалында әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарды.

2013-2015 жылдар аралығында ҚР көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау комитетінде әртүрлі жетекшілік лауазымдарда болды.



Үміткерлер анықталды

1 ақпан күні № 1 Дулатов сайлау округі бойынша аудандық мәслихат депутаттығына "Нұр Отан" партиясы атынан үміткерлерді анықтау мақсатында №5 бастауыш партия кабинетінде праймериз өтті. Праймеризге №1 сайлау округіне қарасты № 3, 4, 5 бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, "Нұр Отан" партиясы Аманкелді аудандық филиалының төрағасының бірінші орынбасары А.Ташимов, "Нұр Отан" партиясы Аманкелді аудандық филиалының консультанты, аудандық мәслихат депутаттығына үміткер К.Әбдікова мен Н.Қабылдина қатысты. Қатысқан адамдар саны – 42. Өткізілген мекенжайы – Аманкелді АО "Қазақтелеком" мәжіліс залы. Праймеризді А.Ташимов ашып, жүргізді. Төраға бұл жиынның мақсатын, міндетін және үміткерлерді таныстырды. Праймериз өткізу үшін санақ комиссиясы сайланды, төраға – Р.Әлмағанбетова, хатшы – Ш.Зейнуллина, комиссия мүшесі – Ж.Бірмағанбетова. Үміткерлер өздерін және атқаратын бағдарламасымен таныстырды. Үміткерлердің сенімді өкілдері қатысып отырғандарға өз кандидаттарына дауыс беруге шақырды. Сайлау қорытындысын Р.Әлмағанбетова жариялады. Нәтижесі бойынша Әбдікова Кәмшат Шөптібайқызы 29 дауыс, Нұргүл Қабылдина 13 дауыс жинады. Праймериз қорытындысы бойынша К.Әбдікова жеңімпаз деп танылып, аудандық мәслихат депутаттығына №1 Дулатов сайлау округі бойынша "Нұр Отан" партиясы атынан үміткер ретінде ұсыну резервіне енгізу туралы шешім қабылданды.

● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

Орташа айлық атаулы жалақы

2015 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2014 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 2,3% артты.

2015 жылғы қаңтар-желтоқсандағы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасынан 5,0 есе, ең төмен жалақыдан – 4,3 есе асып түсіп, 92004 теңгені құрды.

Атаулы жалақының өдеуір көп артуы 2014 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда өзге де қызметтер түрлерін ұсыну саласында (22,2%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (11,9%), қаржы және сақтандыру қызметі (7,6%), кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (7,2%), білім беру (6,4%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (5,7%) байқалды.

Жоғары жалақы 146937 теңге көп өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу және 138684 теңге қаржы және сақтандыру қызметінде байқалды (облыс бойынша орташаға қарағанда 1,6 және 1,5 есе артық), төменгі – тұру және тамақтану бойынша қызметтер 52459 теңге (орташа облыстық деңгейден 57,0%).

● ОБЛЫСТЫҚ СОТТА

Сот төрелігі қалай атқарылуда?

Қостанай облыстық сотында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті. Тоқсан сайынғы қалыптасқан үрдіске сай сот алқаларының төрағалары А.Шәмшиев пен В.Долгих өткен жылғы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысы бойынша ақпаратпен бөлісті.

Сонымен, статистикалық мәліметтерге тоқталар болсақ, облыс соттарымен барлығы 9506 қылмыстық іс пен материал аяқталған, 2014 жылы бұл көрсеткіш 7038 құраған болатын. Медиация тәртібімен 765 іс қаралған. Қара-

лу мерзімі бұзылған және 6 айдан астам уақыт қарауда қалған және де есепті мерзім ішінде қаралуы тоқтатылған істердің жоқ екендігі айтылды. Қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы А.Шәмшиев атап өткендей, қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасы жақсарған, ал заңнамадағы өзгерістерге орай қаралған істер саны артқан. Судьяға түсетін орташа ауыртпалық 4,5 істі құрайды. Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау көрсеткіші – 24,3 пайыз, жалпы республика-

лық көрсеткіш – 25,5 пайыз. Азаматтық істерге тоқталар болсақ, былтырғы жылы 83 999 азаматтық іс пен материал аяқталған. Бұл 2014 жылға қарағанда 14 100 іске артық. Бітімгершілікке келу рәсімдерімен аяқталатын азаматтық істер саны бұрынғыдан 0,2 пайызға көбейген. 771 іс бітімгершілікпен, 669 іс медиациялық келісімге келумен аяқталған.

Заңнамадағы тың өзгерістер туралы азаматтық істер бойынша алқа төрағасы В.Долгих баяндап, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енген Аза-

маттық процессуалдық кодекске, партисипативті келісім шарттары жайлы айтты. "Адвокаттың кәсіби шеберлігінің нышаны дауды қолдау емес келіспеушілікті тез әрі тиімді шешудің жолын ұсыну", – деді В.Долгих. Мұнан кейін брифинг сұрақ-жауап форматында жалғасты. Заңнамалардағы өзгерістерге қатысты сауалдармен қатар БАҚ өкілдерін қоғамдық талқыға ие болған істерге қатысты мәселелер қызықтырды. Мәселен, жуырдаҰзынкөл аудандық соты сұт тапсырып, кейін қарыздарын ала алмаған ауыл

сының парламенттік және мәслихат сайлауында айқын жеңісіне қол жеткізу", – деді Ә.Сапарова.

Оның айтуынша, "Нұр Отан" партиясы биліктегі басымдыққа ие және жауапкершілігі мол саяси күш ретінде өз Сайлауалды бағдарламасында жаңа үдерістерге жауап беретін және бірлік, тұрақтылық пен жасампаздықты қамтамасыз етуге бағытталған Елбасы анықтап берген мемлекеттік бағдарды жүзеге асыру жөніндегі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін нақты межелерді белгіледі.

Бүгінгі таңда партияда түрлі әлеуметтік топтарға жататын тұрғындармен нақты іс-қимыл жоспары әзірленіп, республикалық желілік кестесі қабылданып, медиалық жоспар бекітілді.

Еліміздің барлық өңірлерінде сенімді өкілдер мен партия белсенділерінің жұмысын үйлестіретін дәл осындай сипаттағы 20 аумақтық штаб құрылмақ. Олардың құрамына 150-ден астам адам кіреді. Барлық штабтардың жұмысына 361 сенімді өкіл, сондай-ақ 1321 партия белсенділері атсалысатын болады.

● САЙЛАУ – 2016

"Нұр Отан" партиясының облыстық сайлауалды штабы ашылды

Бұл туралы "Нұр Отан" партиясының Орталық аппаратында өткен брифинг барысында Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова мәлімдеді.

"Нұр Отан" партиясының облыстық сайлауалды штабының құрамына танымал партия және қоғам қайраткерлері, партияның Саяси кеңесінің мүшелері кіргенін айтты. Өткен сайлау науқандарына қатысып, мол тәжірибе жинақтаған азаматтармен қатар, штаб құрамына жастар ұйымдарының белсенді өкілдері де кірген. Қостанай облыстық филиал төрағасының тапсырмасымен "Нұр Отанның" облыстық сайлауалды штабын Әлия Сапарова басқарды.

Штаб жетекшісі партияның кезектен тыс XVII съезінде Парламент Мәжілісінің депутаттары сайлауына арналған партиялық тізімі бекітіліп, жаңа сайлауалды бағдарламаның қабылданғанын еске салды.

"Штаб жұмысының міндеті – "Нұр Отан" партия-

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

ЭНЕРГИЯНЫ қайтсек үнемдейміз?

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Бұл туралы қалалық әкімдікте облыс әкімінің бірінші орынбасары Ф.Нұрмұхамбетовтың жетекшілігімен өткен жиында айтылды. Энергияны үнемдеу және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту тақырыбында өрбіген бұл жиынға облыстық басқармалар басшылары, қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімдері мен коммуналдық кәсіпорын басшылары, шағын және орта бизнес өкілдері қатысты.

Мамандардың айтуынша, соңғы он жыл ішінде энергия тұтыну деңгейі елімізде 18 пайызға өскен көрінеді. Сондықтан, бүгінде елімізде жарық үнемдеу мен оның тиімділігін арттыру саясатына мейлінше мән берілуде. Бұл тұрғыда, яғни электр қуатын үнемдеу мен оны тиімді пайдалану мақсатында елімізде "Энергия үнемдеу – 2020" бағдарламасы әзірленген болатын. Жалпы, энергияны ең көп тұтынатын, әсіресе өнеркәсіп саласы екені белгілі. Осы орайда, баламалы энергия көздерін кәсіпорындарға енгізудің маңыздылығы зор. Сон-

дықтан да, аталған бағдарлама арқылы өнеркәсіп өндірісінде және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығында энергия көлемін 25 пайызға азайту көзделген. Ол үшін жаңа технологияларды кеңінен енгізу қажет. Міне, сала мамандарымен өткен жиында өңірде бұл бағытта қандай шаралардың атқарылып жатқандығы, қанша кәсіпорынның энергия үнемдеуге көшкендігі талқыланды.

– Елімізде 2000-2015 жылдар аралығында энергия ресурстарын тұтыну деңгейі 18 пайызға өскен. Соның 60 пайызы өнеркәсіп өндірісіне тиесілі болса, 30 пайызы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының үлесінде. Осы орайда, облысымызда энергия үнемдеудің кешенді жоспары әзірленді. Соның нәтижесінде 1,5 млрд. теңгені үнемдеуге мүмкіндік туды, — дейді облыс әкімінің бірінші орынбасары Ф.Нұрмұхамбетов.

Энергияны ең көп тұтынатын өнеркәсіп саласы. Осы орайда, "Баян сұлу" фабрикасы өзгелерге үлгі болып отыр. Себебі, жарық үнемдеуді мақсат еткен кәсіпорын энергия үнемдеуші технологияларды жаппай қолдануда. Мәселен, қондырғыларды жаңғырту нәтижесінде олар шығын-

ды біршама қысқартқан. Кәсіпорын басшылығы мұндай жетістіктерге энергия аудиттің арқасында қол жеткізгендіктерін алға тартып отыр.

Ф.Нұрмұхамбетовтың айтуынша, бүгінде Қостанайдағы 170-тен артық кәсіпорын энергиялық аудиттен өтпеген. Яғни, бұл бағытта тиісті түрде жұмыстар жүргізілмейді деген сөз. Сондықтан, әкім орынбасары сала басшыларына ірі кәсіпорындармен қанша көлемде электр қуаты жұмсалды, қаншасы үнемделгендігі туралы әр тоқсан сайын нақты есеп мониторингін жасап отыруды міндеттеді. Сонда ғана энергия қуатын үнемді пайдалану мен оның сыйымдылығын арттыруға болатындығын алға тартты.

Жалпы, энергияны үнемдеудің кешенді жоспары аясында Қостанай облысында соңғы үш жылда 800 млн. теңге жұмсалынды. Бұл бір жылда жұмсалатын электр қуатын 5 пайызға үнемдеуге септігін тигізген. Бүгінде бұл мақсатта Лисаков қаласының белсенділігі жоғары көрінеді. Өйткені, мұнда көшені жарықпен қамтамасыз ететін шамдардың жартысынан жуығы энергия үнемдейтін түріне алмастырылған.

тұрғындары мен жеке кәсіпкер арасында адвокаттардың көмегімен партисипативтік келісім бекітті. Бұған дейін облыстық соттың апелляциялық сот алқасы бірінші сатылы сот шешімін жойып, 15 ауыл тұрғынының жеке кәсіпкерден ақшасын алу құқығын қорғаған болатын.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері "Аймақтық ақпарат құралдарында сот жұмысы туралы үздік жарияланым жасау" атты 2016 жылдың 1 желтоқсанында нәтижеленетін байқауға белсене қатысуға шақырылды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

ҚЫТАЙЛЫҚТАР КӨЗ ТІККЕН...

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған жекешелендіру мәселесі – бүгінгі күннің басты бағдарламасына айналғандай. Ел экономикасын дамыту, мемлекеттік-жеке кәсіпкерлікті нығайтуға бағытталған шараға қатысуға шақырған билік - бизнес өкілдеріне барлық жағдайды жасауға тырысып-ақ жатыр. Тіпті, ел Президентінің өзі әр жиынында қазақстандық қалталы азаматтарды жекешелендіруге қатысып, отандық бизнестің дамуына сүбелі үлес қосуға қол бұлғауда. Нәтижесі – жаман емес. Басылым беттерінде тізбектелген Үкіметтің балансындағы әлеуметтік, стратегиялық, білім мен бизнес нысандарының бірқатары жаңа қожайындарын тапты.

Қазақстандағы жекешелендіруге жатқызылған нысандардың қытайлықтарды да қызықтырып отырғанын айта кеткен жөн. Бұл жөнінде, Елордасында өткен екі ел арасындағы экономикалық-саяси қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған жиын барысында белгілі болды. Қытайдың еліміздегі елшісі Чжан Ханьхуейдің айтуынша, күншығыс елінің кәсіпкерлері Қазақстандағы жекешелендіруге жатқызылған нысандар жайында көптеп ақпарат сұратуда. Қытайлық кәсіпкерлер – қазақ елінің экономикасына қаржы құйып, құрылыс саласына жан бітірмек ниетте.

"Tengrinews.kz" агенттігі таратқан ақпаратқа сүйенер болсақ, еңбек демалысын өз елінде өткізген елші қандас кәсіпкерлерімен кездесу барысында, олардың қазақ еліне деген қызығушылығын аңғарыпты. "Жекешелендіруге ұсынылған нысандар, олардың құрылымы, жергілікті биліктің жүргізіп отырған саясаты мен осы бағыттағы заңдардың барлығы да қытайлықтардың назарынан тыс қалмады. Қытай компаниялары Қазақстандағы белгілі нысандарға ерекше назар аударуда. Тұщымды ақпарат жинағаннан кейін, кәсіпкерлердің Қазақстанға келеріне сенімдімін" – дейді, ҚХР Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Ханьхуей.

Үстіміздегі жылы қытайлықтар қазақстандағы экономикалық үлес салмағын арттыруды жоспарлаған. Осы бағытта қазақстандық кәсіпкерлермен бірлескен бірқатар жобаларды жүзеге асырмақ ниетте. Атап айтқанда, жалпы құны 24 млрд. АҚШ долларынан асып жығылатын 52 жоба қолға алынады. Екіжақты келісімге қол жеткізген жағдайда, жыл соңына дейін бірлескен істердің еселенері



анық. Бұған елші нық сенімді.

Соңғы кездері қытайлықтардың шетелдік бизнеске ерекше назар аударып отырғанын аңғару қиын емес. Мәселен, өткен жұмада Португалияның белді футбол лигасы күншығыс елінің компаниясымен ерекше келісім жасады. Екі жақты келісімге сай, лигадағы он футбол командасының әрқайсысы құрамына қытайлық бір-бір ойыншыдан қабылдауға міндетті. Осы үшін, Португалияның аяқдоп саласына ауқымды қаржы құйылды. Дәл осындай жүйемен Бразилияда да қытайлықтардың біраз уақыт жаттыққанын айта кеткен абзал. "Қытайдағы футболды жандандыру мақсатында" деген желеумен жасалып жатқан іс-әрекетті әр елден аңғаруға болады. Тағы бір мысал – Испаниядағы "Атлетико" командасынан кейін "Эспаньол" футбол тобының акциясының тең жарымы қытайлықтардың қолына өтті. Каталондық команданың 50 пайыздық акциясы үшін, Қытай тарапы 178 млн. еуро аударған. Мұның үстіне жыл сайын 40-45 млн. еуро қаржы құюға міндеттеліп отыр. Есесіне, аяқдоп шеберлері қытайлықтарды доп тебуге үйретуі тиіс.

Күншығыстан құйылған қаржыны аңғарған "Валенсия", "Вильярреал", "Барселона", "Барса" іспетті футбол командалары да екі жақты қарым-қатынасты нығайтуға тырысып жатыр. Жергілікті ақпарат құралдарына сүйенер болсақ, Испаниядағы белді 20 клубтың 16-сы түрлі бағытта қытай қаржысына қол жеткізген. Айтулы елге жыл сайын шамамен 100 млн. еуро шамасында ақша құйылады.

Тіпті, атағы жер жарған "Милан" футбол командасы да Қытаймен әріптестік қарым-қатынасын нығайтуға тырысуда. Күншығыс елін өздеріне қарату мақсатында, атақты топ үш жыл ішінде сол жаққа өздерінің 350 жаттықтырушы-

сын жіберуді жоспарлаған. Германия, Англия, Чехия мен Голландия футбол командалары да Қытай қаржысынан қашып жатқан жоқ.

Айтулы дода әлдеқашан әлемдік деңгейде саясаттанып кеткен. Осыны ескерер болсақ, күншығыс елінің жұмыр жер бетіндегі мүддесін спорттың осы түрімен шешуге тырысып жатқанын аңғару қиын емес. Қытайдың ауқымды құйылымы спорт, әлеумет, бизнес саласы арқылы әлемді баурап жатыр. Ал, біздің астықты аймаққа қытайлық қаржы агроөндірістік кешенмен келуі тиіс. Бұл жайында былтырғы жылы Тобыл өңіріне табан тіреген қытайлық топ сөз қозғаған болатын. "Zhongfu Investment Group Limited Company" қоры майлы дақылдарды мұқият өңдеуге мүмкіндік беретін жоғары сапалы компанияның іргесін қалауды жоспарлаған. Көзделіп отырған инвестиция көлемі шамамен, 500 млн. АҚШ долларын құрайды.

– Қытайда май өндірісінің 80%-ы импорттық ресурс ретінде іске асады. Үкіметтің екпін қойғанына қарамастан, бүгінгі таңдағы азық-түлік майының тапшылығы 20%-ды құрайды. Қытай үкіметі өсімдік майы өндірісін күшейту турасында шешім қабылдап отыр. Сондықтан, біздіңше, осы бағытта инвестиция құюға ең лайық таңдау – осы Қостанай облысы – деген еді, жергілікті билік өкілдерімен кездескен "Zhongfu Investment Group Limited Company" қорының өкілдері. Машина құрылысы саласында да ауыз толтырып айтарлықтай келісімдер жасалды.

Қытайлық экспансия мұнымен тоқтамауы тиіс. Алда, жекешелендірудің жаңа толқыны. Мұндай мүмкіндікті көрші елдің бизнес өкілдерінің қалт жібермесі анық. Ендеше, кәсібіңіздің басында бір қытайлық тұрса, таң қалмассыз, ағайын...

● ОБЛЫСТЫҚ СОТТА

Өткен жылды қорытындылады

Қостанай облыстық сотында 2015 жылғы сот төрелігін жүзеге асыруды қорытындылауға арналған кеңейтілген мәжіліс өтті. Мәжіліс жұмысына Қостанай облыстық сотының төрағасы А.Мерғалиев, жергілікті сот төрағалары мен судьялары, сот кеңсесінің басшылығы мен қызметкерлері қатысты.

Шараны ашқан төраға А.Мерғалиев күн тәртібі бойынша талқыланатын негізгі мәселелерге тоқталды. Облыстық соттың алқа төрағалары жұмыс көрсеткіші бойынша статистикалық мәліметтерді баяндады. Өткен жылы облыс соттарымен барлығы 9506 қылмыстық іс пен мате-



риал аяқталған, 2014 жылы бұл көрсеткіш 7038 құраған болатын. Медиация тәртібімен 765 іс қаралған. Қаралу мерзімі бұзылған және 6 айдан астам уақыт қарауда қалған және де есепті мерзім ішінде қаралуы тоқталған істердің жоқ екендігі айтылды. Азаматтық істерге тоқталар болсақ, былтырғы жылы 83 999 азаматтық іс пен материал аяқталған. Бұл 2014 жылға қарағанда 14 100 іске артық. Бітімгершілікке келу ресімдерімен аяқталатын азаматтық істер саны бұрынғыдан 0,2 пайызға көбейген. Қаралған әкімшілік істер саны аздап азайған. Барлығы 24 669 әкімшілік іс өндіріспен аяқталған, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 1642 іске кем көрсеткіш.

Бұдан әрі кеңейтілген жиын барысында кей аудандық және оған теңестірілген сот төрағаларының баяндамалары тыңдалды. Облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев әріптестеріне 2016 жылғы жұмыс барысына қатысты бірқатар тапсырмалар қойып, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруды қатаң тапсырды.

Облыстық сот Кеңсесінің басшысы Д.Каипов өз баяндамасында өткен жылда атқарылған жұмыстарға тоқталып, облыстың 19 сотында 25 жаңа аудио және бейне жазу жүйесі орнатылғанын атап өтті. Бүгінде облыс бойынша аудио және бейне жазу құрылғыларымен 64 сот залы жабдықталған. Сонымен қатар, Д.Каипов "Төрелік" жүйесінің ерекшеліктері мен гибридік электронды пошта қолдану арқылы пошталық шығынды 50 пайызға азайту мәселесіне тоқталды.

Кеңейтілген мәжілісті қорытындылаған облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев "100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет" Ұлт Жоспарының "Заң үстемдігін қаматасыз ету" атты бағытын іске асыруға тоқталды. Заңнамалардағы өзгерістерді тілге тиек еткен төраға сот лауазымына кандидаттарды іріктеу механизмінің және кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарының күшейгендігіне, сот қызметінің ашықтығы мен шы-

найылығына, істерді қараудың процессуалдық мерзімінің сақталуына, ҚР Судьялар одағының кезектен тыс съезіне дайындыққа баса назар аудару сынды жайттарды талқыға салды.

Сот төрағасы заманауи ақпараттық технологияларды енгізу сот жүйесін реформалаудың басты талаптарының бірі екендігін атап өтті. Облыс соттарымен 49 556 іс аудио және бейне жазу арқылы қаралған. Аталған құрылғыны қолдану көрсеткіші қылмыстық істер бойынша 98,9 пайызды, азаматтық істер бойынша 92,5 пайызды, әкімшілік істер бойынша 99,9 пайызды құрап отыр. Электронды үкімет порталы, "Төрелік" жаңа автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі, электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі, сот құжаттарымен танысу, және де шағымның, апелляциялық және кассациялық шағымның тіркелгендігі туралы талон беру, электронды сотқа шақырту хабарламасын жолдау сынды технологиялар белсенді қолданылуда.

Жуырда болатын сайлау алдында сайлау заңнамаларының бұзылуы туралы сотқа түскен барлық шағымдар мен арыздардың қаралуының заңдылығына баса назар аудару керектігі ескерілді.

Шара соңында облыстық сот төрағасы А.Мерғалиев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты турағасының атынан Таран аудандық сотының судьясы Мәдина Бектілееваны қылмыстық істер бойынша медиация институтын дамытуға қосқан үлесі үшін құрмет грамотасымен марапаттады.

Облыстық сот төрағасы облыста сот төрелігін жүзеге асыру көрсеткішінің жаман еместігін айтты. "Қостанай облысының сот қауымдастығы Қазақстан халқымен, Ұлт Көшбасшысы мен ҚР Жоғарғы Соты басшылығымен қойылған тапсырмаларды жүзеге асыруға қабілетті" – деп атап өтті А.Мерғалиев.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі.

Айбек ҚАЛИЕВ:

"Жастарға жалтақтық жараспайды"

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Жақында Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында ҚМУ-дың студенті Жанболат Кенжеғұлдың бастамасымен қоғамдық дәріс өтті. Іс-шараның болатындығы әлеуметтік желілер арқылы алдын ала хабарланған. Алғашқы қоғамдық дәрістің лекторы, айтыскер ақын Айбек Қалиев болды. Дәріс жастар арасындағы түйткілді мәселелерге арналды.

Айбек Қалиев Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында педагогика және филология факультетінің деканы қызметін атқаруда. Айтыскер ақын "қоғамдағы жастардың орны қандай?" деген сауал төңірегінде ой-пікірімен бөлісіп, жастардың сауалдарына жауап берді.

— Жастар — қоғамның белсенді тобы болуы тиіс. Әсіресе, қазақ тілді жастар. Өкінішке қарай, жастар саясаты мәселесімен айналысып жүрген жастардың көпшілігі орыстелді. Ал қазақтілді жастар төменгі жақта жүр. Басты кемшілік осы. Біз жалтақтықты қоюымыз керек. Бұл ұлтқа, жікке бөлінушілік емес. Бірақ, жоғары оқу орындарында ауыл жастары мен қала жастары деген бөлінушілік байқалады. Сіздер, тәуелсіздіктен кейін өмірге келген ұрпақсыздар. Сондықтан ешкімге жалтақтамайтын, бойында құлдық психология жоқ жаңа буынның қалыптасып келе жатқанына сенімдімін. Маған сенген жастарға менің сенбеуге хақым жоқ, — деді айтыскер ақын.

Алғаш рет ұйымдастырылып отырған дәрістің мақсаты — жастардың бойындағы мінді көре білу және оның алдын алуға баулу. Студенттер басқа ұлттың өкіліне тұрмысқа шығу, гендерлік саясат, тастанды балалар, қыз бен ұл тәрбиесі туралы сұрақ қойды.

— Қыздардың қолында ұлт тағдыры тұр. Қыз бала өзіне бекем болса ел ұялатын жағдайлар болмас еді. Жігіттердің де жетісіп тұрғаны шамалы. Алдап, арбап кету. Бұдан шығудың жолы — тыйымды ұмытпау керек. Арқалықтың педагогикалық институтындағы тәрбие жұмысында әртүрлі кездесулер өтіп отырады. "Наз" қыздар клубы құрылды. Қаладағы белгілі зейнеткерлер, көп балалы аналар, ұзақ жыл абыройлы еңбек еткен ұстаздар, үлгілі отбасылармен сыр-сұхбаты ұйымдастырылады.

Қоғамда жаппай етек алып бара жатқан оқиғалар еліктеудің салдары. Ұлттық менталитетімізді бірте-бірте жоғалтып бара жатырмыз, — деді айтыскер ақын Айбек Қалиев.

Міндеттер нақтыланды

Жақында Қостанай гарнизонының әскери прокуратурасында қылмыстық қудалау органдары мен әскери басқару органдарының қатысуымен ведомстваралық мәжіліс өтті. Онда 2015 жылдың Қостанай гарнизонының қылмыстық қудалау органдары мен әскери басқару органдарының жұмыс нәтижелері талқыланды.

Жиынды қорытындылаған әскери прокурор Д.Ержанов гарнизонда құқық тәртібін нығайту бойынша 2016 жылға нақты міндеттер белгілеп, гарнизон бойынша заңдылықты нығайту, құқық тәртібін қатаң сақтау, келеңсіз көріністерге жол бермеу қажеттігін атап көрсетті.

Б.АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

АНА ТІЛІ — елдіктің, ұлт ұлылығының кепілі



Қыран асқар биіктікте самғап шарласа, жастар өз әлемінің иесі, елдің тізгінін ұстайтын ел азаматы болуы тиіс.

Шыны керек, Елбасымыз Мәңгілік Елге бастайтын, абыройлы әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға зор сенім артып отыр. Өйткені, Отанымыздың болашағын баянды етіп, аға буын салып кеткен сара жолды жалғастыратын — Біз, жастар! Сондықтан, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолында аянбай еңбек етіп, Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту — тікелей жастардың қолында! Ұлт Көшбасшысының, ел ертеңі — жастарға көбірек жүгіне сөйлеуі — осының айшықты дәлелі.

Жарқын болашаққа бет алған бағдарымыздың айқын, ұлттық идеяның тұғыры айқындалып, қазақ тілінің мәңгілік тіл екендігі айтылды. Қазақстандықтардың ана тілі ұлтымыздың тірегі. Келешегіміз кемел болуы үшін — бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз шарт. Қазақ тілі — ортақ құндылығымыз. Қазақ тілі — тәуелсіз еліміздегі бір шаңырақ астында өмір сүретін ұлттар мен ұлыстар ұйтқысының кепілі.

Тіл мәртебесі — сіздің де, менің де, елдігіміздің де айнасы, ұлтымыздың ұлылығы. Халқы үшін мыңмен жалғыз алысқан халқына қымбат мұра қалдырған қазақтың шоқтығы биік, дарабоз ақыны, ұлы тұлға Абай атамыз "Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас" деп, тарихтың сабағын саралай келіп, халқына рухани дүниесіндегі көркем тілдің орны мен құдіретін дәл бағалаған. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі, сөзінің мәнерлі, ойының тұжырымды болуы қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ.

Өрліктің, батырлықтың елі үшін туған ерлердің ерліктері елдікке бастаған ұран болды. Аспанмен таласқан шыңдар, ақ қармен көмкерілген сұлу да асқар шыңдар, кербез сұлу шыршалар мен аршалар, тау етегінде сыбдырлай аққан бұлақ, самал жел ескен менің туған елім Қазақстан. Жер беті қандай кең болса, елімізде тұрып жатқан халықтың да пейілі кең, дархан. Тарих беті алтын әріптермен әдіптелген, Тәуелсіздік таңы атты. Бүгінгі ұрпақ қырандай қалықтаған азат елдің ұрпағы. Қасиетті ата-бабамның мұралары тарихымның шежіре шертер рухани қазығына айналды. Келешекке ке-

мел сеніммен бастайтын жас буын, еліміздің жарқын болашағы бар. Қазақ топырағында еңсесі биік, халқы білім мен ғылымға, мәдениетке, өркениет өріне жетелеген ойшылдарымыз да баршылық.

Уақыт деген шіркін көруен көші іспеттес. Ғасырлардың жақсысы да, жаманы да сарапқа салынып, ұлы өнегесі ғана ұрпақ еншісіне беріліп, тарих төрінен орын алары сөзсіз. Тәуелсіздік — мәңгілік. Ол — ел мұраты, ол — шексіз. Өйткені ата-баба өсиеті де, мұралары да, пәлсапалық ой қазынасы да ұлы арман-мұраттарынан туындаған. Елбасымыздың көрегенділігі де міне осында жатыр емес пе?

Ғылымсыз қоғамның пайдалы азаматы болуы мүмкін еместігін айта отыра, ғылымға, білімге үндейді. Біз тіліміз бай, ойы ұшқыр халықпыз. Сан ғасыр бойы жасаған халық ауыз әдебиетінен бастау алатын әдебиетіміз соның айғағы. Енді, тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына табан тіреген уақытта бірлігімізді одан әрі нығайтып, елдігімізді сақтауымыз керек. Жас ұрпақтың көкірегіне білімнің нәрін сепсек, ұлттық рухта тәрбиелесек, ұлттық идеологиямызды сақтасақ, еліміздің одан әрі көркейіп дамитынына сенімім мол.

Менің ойымша Елбасының "Мәңгілік ел" идеясы барша жастарымызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Осыдан әрқайсымыз ой түйіп, Тұңғыш Президентіміз айтқандай, қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуіміз керек. Елбасы белгілеп берген "Қазақстан — 2050" стратегиясы — ұлттың ұлы бағдары. Елбасы "Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйтқысы ете білгеніміз жөн", деп тіліміздің мәңгілік тіл болатындығын дәлелді де айқын ойларымен жеткізді. Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлері жаңа заманға жарасымды жалғасын тапты. Қазақ мәдениеті ең алдымен халықтың бастан кешкен қиындықтарын еңсеріп, тәуелсіз, азат ел болып қалуымызға мүмкіндік берген ғасырлар бойы жинақталған, ата-бабамыздан мирас болып қалған дәстүрлеріміздің жиынтығы.

Әр мемлекеттің болашағы мектебінде, өз білім ошағында шыңдалады. Оқу, тәрбие, даму бағытымыз, үлгі болуға тиіс ұлттық мектептерден бастау алып, қоғамның белді мүшесіне, келешектің көкжиегіне бағыттайды. Өркениет тарихынан ерекше орын алған ғұлама бабамыз Әл-Фарабиден бастап түркі тілдес халықтарға ортақ мол мирас қалдырған Қашқар, Дулати, Баласағұн, Бұқар, Ақтамберді, Абай, Махамбет, Ахмет, Міржақып, Шоқан, т.б., ойшылдарымыздың қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл мұралары, дана-гөйлеріміздің өсиеттерінің берер пайдасы, қосар үлесі қаншама... Елдің өрге тартар көшінде еліміздің, елдігіміздің тағылымы үшін біз көп күш жұмсауымыз керек.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақтал-

ған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздар қауымына жүктеледі.

Жас ұрпақты әртүрлі экстремистік ағымдардан сақтаудың басты амалы — отаншылдық сезімді, елге, жерге, ұлтына деген табандылықты қалыптастыру. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу — мектептегі әрбір мұғалімнің аса маңызды ісі және жауапты парызы. Бұл ретте ұстаздың атқарар орны ерекше.

Мәңгілік ел мұраты — ана тілім, тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл — қазақ болуымыз үшін, салт-дәстүр — ұлт болуымыз үшін қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан — 2030" халыққа Жолдауында былай деп жазылған: "Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн". Олай болса, басты мақсат — жас ұрпақты ұлттық игіліктік мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намыс-шылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Бізді, біздің шәкірттерімізді мұратқа жеткізетін тіліміз екенін ұмытпағанымыз абзал. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды, өздеріміздің талмай, қажымай еткен еңбектеріміздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

Қымбат БИРМАНОВА,
№7 орта мектебінің директоры.

Рудный қаласы.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

2016 жылы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшері және оларды алу тәртібі

2016 жылы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 2 тамыздағы № 342-V заңымен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес "БЖЗҚ" АҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерін алу тәртібі өзгерді.

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары болған кезде белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне құқығы бар тұлғалар:

– 63 жасқа толған ерлер,
58 жасқа толған әйелдер
(2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа;
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа;
2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа;
2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа;
2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа;
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа;
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа;
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа;
2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда);

- егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектер.

Зейнетақы төлемдерін алушы жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толғанда МЗЖ және МКЗЖ есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті ресімдеу үшін БЖЗҚ-ның жақын кеңсесіне барып өтініш жасауға тиіс. Оның өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, зейнетақы жинақтарын аудару үшін алушының банк шоты туралы мәліметтер болу керек. Сонымен қатар, алушы зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін құжаттарды сенім білдірілген адам не пошта байланысы арқылы да бере алады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін құжаттар берілгеннен кейін, БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Төлемдер кезеңділігін алушының өзі белгілейді, мысалы: жылына бір рет, тоқсан сайын бір рет не ай сайын.

МЗЖ және МКЗЖ есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы **Қағидаларға¹** сәйкес есептеледі және мынадай шамадан:

- 1) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен тұрады (2016-2018 жылдарға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңында ең төменгі зейнетақы мөлшері 2016 жылы 25 824 теңгеге ұлғайды) және 774 720 теңге (30*25 824) болады;
- 2) зейнетақы жинақтары сомасының **Әдістемеге¹** сәйкес алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициенті-

ентіне көбейтіндісі ретінде есептелген неғұрлым жоғары шамасынан тұрады. Алушының зейнетақы жинақтарының сомасы 8,5 млн.теңге не одан артық болғанда осылай есептеледі.

Алушы зейнетақы жинақтарының барлық сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аз болған жағдайда, сол барлық соманы ала алады.

Егер төлем жасалғаннан кейін жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз соманы құраса, осы қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

БЖЗҚ Қағидалардың ережелерін есепке ала отырып, белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшерін жыл сайын өз бетінше қайта есептейді.

Зейнетақы жинақтарын аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу, оларды айырбастау және алушылардың шетел банктерінде ашылған банк шоттарына аударуды қоспағанда, БЖЗҚ-ның өз меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

БЖЗҚ алушының өтініште көрсеткен банк шотына:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шоттарына аудару кезінде – тек ұлттық валютамен;
- 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетел банктерінде ашылған банк шоттарына аудару кезінде – АҚШ долларымен, еуромен, фунт стерлингімен немесе ресей рублімен зейнетақы төлемдерін аударыды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда "ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ негізінде құрылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан БЖЗҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "БЖЗҚ" АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакетін сенімгерлікпен басқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар жасау функциялары Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық Қорды басқару жөніндегі кеңеске берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, өрікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz).

"БЖЗҚ" АҚ Баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz.

Өрттен зардап шеккендерге көмек көрсетілді

2016 жылдың 29 қаңтарында сағат 15.05-те Қостанайда Байтұрсынов көшесіндегі екі қабатты тұрғын үйде өрт шықты. Бұл ғимараттың иесі А.Соловьев. Ғимарат бірнеше бөліктен тұрады, шартты түрде оны кафе, монша, тұрғын бөлмелер деп үшке бөлуге болады. Ғимараттың қабырғалары пенопластпен жылытылған, ағаш және гипсокартонмен қапталған металл қаңқадан тұрады. Моншаның үстіндегі тұрғын бөлмелер толықтай өртеніп кетті. Осындай бөлменің бірінен монша пешінің түтін мұржасы өткізілген екен, ол термиялық ықпалдың әсерінен қирап қалған.

Ғимараттың ішкі бөлмелері үш деңгейден, алғашқы екеуі пенопластпен жылытылған металл негізден тұрады, үшіншісі ағаш және гипсокартонмен қапталған. Үшінші қабат ағаш құрылмандан тұрады. Әсіресе моншаның үстіндегі монша пешінің түтіндігі қатты қызып кетіп, өрт шыққан. Ғимараттың ағаш қаңқасы мен пенопласт түріндегі қаптама өрттің тез жайылуына себеп болды.

Сол күні сағат 19.00-де "Қостанай аумақтық әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі орталығы" МКҚК-на зардап шеккен алғашқы 6 адам, оның біреуі көмекке талаптанған бала, көмек сұрап келді. 30 қаңтар күні таңертең тағы 3 адам келді. Олардың

барлығына бөлмелер, азық-түлік пен ыдыс-аяқ берілді. Қазіргі уақытта орталықта 9 адам тұрып жатыр, олардың үшеуі Қостанай қаласында, қалғандары Меңдіқара, Әуликөл, Федоров, Алтынсарин және Жітіқара аудандарында тіркелген.

Жапа шеккендердің барлығына Қостанай қалалық мәслихаты шешімімен бекітілген материалдық көмек көрсетудің Ережелері бойынша түсінік берілді. 70 АЕК-тен аспайтын мөлшерде материалдық көмек тағайындау үшін Қостанай қаласында тіркеуде тұрған, қажетті құжаттары (жеке басының куәлігі, өрт туралы ТЖБ анықтамасы, мүлікті бағалау туралы акт) бар азаматтар өрт болған сәттен бастап 3 айдың ішінде өтініш бере алады. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жанындағы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қалалық комиссияның кезекті мәжілісінің күн тәртібіне еліміздің заңнамасына сәйкес жапа шеккен азаматтарға жәрдем беру туралы мәселе енгізілмек.

Өрт фактісі бойынша жинақталған материалдар Қостанай қаласы ІІБ Солтүстік полиция бөліміне берілді, ҚР Қылмыстық Кодексінің 292 бабы бойынша (өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу) қылмыстық іс қозғалды. Тергеу жүргізілуде.

Қостанай қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Вирустық жұқпаның алдын алу

Қазіргі таңда денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі халық арасында вирустық жұқпаның тез таралуы болып табылады, атап айтқанда, тыныс алу органдарының өткір вирустық жұқпасы, тұмау және шошқа тұмауы. Өзіңді ауа-тамшылы жолмен берілетін жұқпадан қалай қорғауға болады? Аталмыш аурулардың алдын алу мақсатында "ҚР ІІМ ТЖК Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" ММ-де Қостанай облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерінің орталығы мамандарымен семинар ұйымдастырылды.

Жұқпа көзі аурудың бастапқы деңгейіндегі ауру адам болып табылады.

Тұмау өзінің асқыну салдарымен қауіпті. Неғұрлым көп кездесетін асқынулар – ол өкпе қабынуы, құлақ қабынуы, синусит. Сондай-ақ жүрек бұлшық етінің, бас миының зақымдалуы мүмкін. Егер адамда созылмалы ауру болса, онда ТОӨВЖ ауырған сәтте ол аурудың белгілері асқынып кетуі мүмкін. ТОӨВЖ асқынуы ауырған адамның өліміне өкпе соғуы мүмкін.

ТОӨВЖ/тұмау – бұл тыныс алу жолдарының вирустар арқылы жұғатын ең кең тараған ауру түрі. Ол ауа-тамшылы жолмен ауру адамнан жұғады. Тұмау кез-келген жастағы адам ауырып қалуы мүмкін. Тұмау жыл сайынғы маусымдық эпидемия кезінде қоңыржай климатты аудандарда қыс мезгілінде орын алады. Шыныққан адамдарда суық тию аурулары тіптен болмайды деп айтуға болады, оларға тұмау індеті де қорқынышты емес, тұмаудың белгілері де оларды қайта-қайта мазаламайды.

"Шошқа тұмауы" деген атаққа ие болған А (H1N1) тұмауы А шошқа тұмауының бірнеше вирусымен берілетін шошқалардың тыныс алу органдарының өткір вирустық жұқпасы болып табылады. Әдеттегідей адамдар А (H1N1) тұмауын осы жұқпалы аурумен ауырған адамнан жұқтырады. Вирус оны тасушымен тікелей немесе жанама қарым-қатынас жасаған кезде, ауа-тамшылы жолмен таралады. Қазіргі күні H1N1 типті вирус адамнан адамға тез жұғады. Ең жаманы бұл аурудан жас, дендері сау адамдар (20-40 жас) көз жұмуда.

СӨСҚМ орталығының мамандары келесі алдын алу шараларын сақтауға кеңес берді:

- жеке тазалықты сақтау, ұдайы түрде қолды сабынмен жуып отыру;
- ауа-райына қарап киіну;
- толыққанды ас ішу;
- қорғаныш маскасын кию;
- уақытылы егілу.

А.САРСЕНОВА,
"Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ" ММ дәрігері.

Тұрғын үй көмегін аламын десеңіз

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тұрғын үй көмегін көрсету ережесінде бірқатар өзгерістер енгенін хабарлайды. Жаңа жылдан бері барлық коммуналдық қызметтердің көтерілгені белгілі. Осы тарифтердің өзгеруіне орай тұрғын үй көмегін де жыл сайын қайта есептейді.

Биылғы жылы жылу, ыстық және суық су, жарық, қоқыс үшін

коммуналдық қызметтер бойынша тарифтер көтерілуіне байланысты, тұрғын үй көмегі жаңа көрсеткішті есепке ала отырып қайта есептелген. Бұл тұрғын үй көмегінің мөлшеріне де ықпал етеді. Сондай-ақ, Қостанай жылыту энергетикалық компаниясы жылу энергиясын пайдалану үшін есептеу құралдары орнатылған үйлерде пайдаланылған қызметтер туралы мәліметтер беруіне байланысты, 2015 жылғы 4-тоқсанда азайған, нақты шығындарға сәйкес тұрғын үй көмегі қайта есептелген. Ол жөнінде тұрғын үй көмегін алушыларға тиісті хабарламалар жіберілмекші.

Қаңтардан бастап мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың, зейнетақылардың ұлғаюына байланысты, көрсетілген төлемдерді алатын тұрғын үй көмегін алушылар осы жылдың 1-тоқсаны үшін, мемлекеттік жәрдемақының мөлшері туралы зейнеткерлік куәлігінен алынған үзіндіні қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөліміне беруі қажет. Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне енгізілген өзгерістерге байланысты, барлық санаттағы азаматтар үшін тұрғын үй көмегі тоқсан сайын тағайындалады. Тұрғын үй көмегіне құжаттар ХҚО-да тоқсан сайын ресімделеді.

● 4 АҚПАН – БҮКІЛӘЛЕМДІК ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

ОБЫР туралы не білеміз?

Бұл күннің пайда болудағы негізгі мақсаты – заманауи өркениеттің ең алапат кеселдерінің бірі обыр туралы халықтың ақпараттылығын арттыру, одан айығудың жолдарын біртұтас қоғам болып іздеу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтерінше, бұл індет бүкіл әлем бойынша өлімнің басты себебі болып табылады. Олардың бағалауларына сүйенсек, 2005 жылдан 2015 жыл аралығында ағзалары бұл ауруға қарсы тұра алмағандардың саны 84 миллионды құраған. Тарихы тереңде жатса да, нақты шешімі әлі күнге дейін жұмбақ күйінде қалып отырған дерттің түрлі вирустардың, канцерогендер мен онкогендердің кесірінен пайда болатыны белгілі. Бүгінде осы саланың зерттеуші ғалымдары қатерлі ісіктің сау ағзада пайда болмайтынын алға тартып жүр. Мәнісі, денедегі уақытылы емдом қабылданбаған жарақаттар не созылмалы жаралар түбі індеттің туындауына негіз болады. Дегенмен, күнделікті қоректің пайдалылығы, құрамында көп мөлшерде көмірқышқыл газы бар сыра ішу, түтіні аса қауіпті бензопиринге толы темекі тарту, жүйке жүйесінің жүйелі жұмыс істеуі сынды мәселелерге мән бермеу де организм қызметін қолайсыз күйге ұшыратуы ықтимал.

Бастың қызметі демекші, КСРО Ғылым академиясының академигі Иван Павлов адамның әр мүшесінің іс-әрекетін басқарып отыратын нерв екенін, оның орталығы ми шеңбері екенін дәлелдеп берген болатын. Яғни, ми дамыл таппай күрделі жұмыс жасаса, қатты қобалжыса, өз қызметін тиісті атқаруға қауқарсыз болады. Бұл өз кезегінде рак сынды түрлі сырқаттардың туындауына ықпал етеді. Сол себепті, саулыққа ден қойып, жылына бір рет болсын дәрігердің тексерісінен өткен абзал.

Медицина мамандары жасы 30-дан асқандар тік ішегін, 40-ты алқымдаған азаматтар өңешін, қуық асты және қалқанша безін, асқазанын, 35 жас шамасындағы әйелдер қауымы 5 жылда бір рет жатыр мойнының ісігін, ал 50 жастағы әйел-аналар 2 жылда бір рет сүт безін тексергендері жөн деген ұстанымда. Себебі, ісіктің мөлшері 1-2 сантиметр болғанша ауру сезілмейді, жасырын жүруіне де 3-5 жыл керек. Егер де ауру I-II сатыларда белгілі болып жатса, сауығып кетуге 80% мүмкіндік бар.

Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда көбінесе ДНҚ құрамының зақымдалуы мен темекі тарту, дерттің туындауының басты себептеріне айналып отыр. Дезоксирибонуклеин қышқылына зиянын тигізетін – канцерогендер. Әлбетте, адамның оған төтеп бере алатын табиғи қорғанысы бар, ағза оларды және тіпті кеселді ісіктерді өздігінен жоюға қабілетті. Алайда, есейе келе бұндай функция әлсірей береді. Ал шылым болса, екі бірдей қауіпті фактордың көзі. Өйткені, темекі құмарлар физикалық уланудан бөлек, химиялық сәулеленуге ұшырайды. Ғылымда бір қорап шылымнан 8 микрозиверт шығатыны дәлелденген, ол 800 микрозивертке тең. Бұндай жағдай 24 сағат ішінде тұтас радиациялық фон қалыптастырады.

Сондықтан, өз денсаулығымызға өзіміз жауапты болған соң, тәнге керемет әсерін беретін дүниелерден аулақ болу, пайдалы ас ішу, көңіл-күйді бірқалыпты ұстау, иммунитетті нығайтуға тырысу – батпандап кіретін кеселдің ырқына берілмеудің ең жақсы жолы.

"Қостанай таңының" социологиялық зерттеу орталығы.

5 Онкологиялық сырқаттарды емдеудегі жетістік

- 1** **Израиль 2015ж** **НАНОТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**
Рак клеткаларын жоюға қабілетті нанороботтар (нанокиллерлер) жасап шығарылған. Ғалымдардың есебі бойынша нанокиллерлер онкологияны бір ай ішінде жеңе алуы тиіс.
- 2** **АҚШ 2014ж** **ҚАТЕРЛІ ІСІКТІҢ ИММУНДЫҚ ТЕРАПИЯСЫ**
Жаңа типтегі дәрі-дәрмектер қатерлі ісіктердің бүркемеленуіне жол бермеуге, ағзаның иммундық жүйесінің оны дер кезінде табуына және табиғи қорғаныс механизмдерін қауіп туралы хабардар етуге бағытталған.
- 3** **Швейцария 2006ж** **ТАРГЕТТІ ТЕРАПИЯ**
Препараттардың артықшылықтары: ісіктің ұлғаюын тежеу, емделушілердің өмір сапасын жақсарту және жасын ұзарту, химиотерапияға тән жанама әсерлердің мүлдем болмауы.
- 4** **Израиль 2013ж** **ГЕНЕТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ**
Гендік мутацияларды анықтау және сол анықталған мутацияларға сәйкес дәрілік препараттарды таңдау мақсатында екі биопсияның генетикалық анализі жүргізіледі, бірі ісіктен, екіншісі ағзаның сау тінінен алынады.
- 5** **Жапония 2015ж** **ҮЛЕСТІРІЛГЕН ЕСЕПТЕУЛЕР**
Қатерлі ісіктің емделуіне септігін тигізетін химиялық элементтерді (3000000 қосылыстарды) тестілеуден өткізу үшін компьютерлік модельдеудің кең ауқымды әдісі қолданылды. 2 жыл аралығында 220000 адам өз компьютерлерінің есептеуіш қуаттарын ұсынып отырды. Қарапайым зертханада бұндай тестілеу 55000 жыл уақытты алар еді.



Қатерлі ісікке қарсы күрес күні қашан пайда болды?

Онкологиялық аурулармен күрес бойынша халықаралық одақтың шешімімен 2005 жылдан бері 4 ақпан бүкіләлемдік раққа қарсы күрес күні ретінде аталып келеді

Қатерлі ісіктің 95% қоршаған орта мен өмір салтының нашар болуына байланысты туындайды:

Темекі шегу	30%
Дұрыс тамақтанбау	35%
Инфекциялар	10%
Канцерогендер	5%
Ультракүлгін сәулелер	6%
Маскүнемдік	2%
Ластанған ауа	1%
Жыныстық инфекциялар	4%
Төмен физикалық белсенділік	4%



Рак дегеніміз не?

Ол-адам ағзасының кез-келген мүшесін зақымдай алатын аурулардың жалпы атауы. Ондай кеселдердің 100-ден астам түрі бар. Рак ұғымын қолданысқа тұңғыш рет белгілі ғалым Гиппократ енгізген. Ол обыр клеткаларының теңіз шаяны секілді аяқтарымен адам денесіне жайыла таралатынын анықтаған.

Онкологиялық аурулардың зардабын тартатындардың 60%-дан астамы Азия, Африка, Оңтүстік және Орталық Америка елдерінде тіркелген.

Кеселдің алдын алу жолдары

А, С, Е дәрумендерін, құс және балық етін, балластық заттарға бай азықтарды пайдалану

Физикалық белсенділік

Вирустарға қарсы вакцинация жасау

Күннің астында ұзақ уақыт жүрмеуге тырысу, жасанды жолмен күнге қыздырылудан (солярийден) аулақ болу

* Мәліметтер ғаламтөр ақпараттарынан жинақталып алынды

• ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Азаматтық процесс

Сотта істі өкілдер арқылы жүргізу

2015 жылдың 15 қазанында қабылданған жаңа Азаматтық процесстік кодекстің талаптарымен сотта істі өкілдер арқылы жүргізу шарттарына бірталай өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, азаматтар өз істерін сотта жеке өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Азаматтың іске өзінің қатысуы оны бұл іс бойынша өкілінің болу құқығынан айырмайды. Заңды тұлғалардың істерін сотта өздеріне заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін олардың басшылары және олардың өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғаның басшысы сотқа өзінің қызмет бабын немесе өкілеттігін куәландыратын құжаттарды ұсынады. Өкілдің өкілеттіктері заңға сәйкес берілген әрі ресімделген сенімхатта көрсетілуге тиіс. Сенімхатқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сот шешіміне не әкімшілік актіге негізделген істі сотта жүргізуге тиісті түрде ресімделген өкілеттіктері бар әрекетке қабілетті адам осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес сотта өкіл бола алады. Сенімхат сотқа жазбаша нысанда немесе сенім білдірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Кәсіптік одақтар мен басқа да ұйымдар-

дың уәкілетті өкілдері іс бойынша өкілдікті жүзеге асыруға арналған тапсырманы куәландыратын құжаттарды сотқа беруге тиіс. Адвокаттың нақты істі жүргізуге арналған өкілеттіктері "Адвокаттық қызмет туралы" ҚР Заңында көзделген тәртіппен берілетін ордермен және процесстік әрекеттерді жасауы сенімхатпен куәландырылады. Өкілдердің өкілеттіктері сенімхатта немесе сот отырысына жеке өзі қатысқан жағдайда сенім білдірушінің сот отырысының хаттамасына енгізілген ауызша мәлімдемесінде көрсетілуі мүмкін. Көрсетілген өкіл жоғары заң білімі туралы дипломның расталған көшірмесін ұсынады.

Судьялар, тергеушілер, прокурорлар және ҚР Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары, олардың процеске тиісті ұйымдардың өкілдері немесе заңды өкілдері ретінде қатысуынан басқа жағдайларда, сотта өкіл бола алмайды.

Тапсырма бойынша өкіл талап қою арызына қол қоядан, істі төрелікке беруден; татуласу келісін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаудан, талап қоядан немесе талап қояды танудан толық немесе ішінара

бас тартудан, талап қою талаптарының нысанасын ұлғайтудан немесе азайтудан, талап қоюдың нысанасын немесе негізін өзгертуден, өкілеттіктерді басқа тұлғаға беруден (сенімді басқаға аударудан); сот актісіне апелляциялық, кассациялық тәртіптермен шағым жасаудан, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша сот актісін қайта қарау туралы арыз беруден, сот актісін мәжбүрлеп орындатуды талап етуден, сот алып берген мүлкіті алудан, апелляциялық шағымнан, өтінішхаттан бас тартудан басқа, Азаматтық процесстік кодекспен көзделген барлық процесстік әрекеттерді өзі өкілі болып отырған тұлғаның атынан жасауға құқылы. Көрсетілген тапсырма бойынша өкіл осы құқықтармен қатар мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, заңды тұлғалардан анықтамаларға немесе өзге де құжаттарға сұрау салуға, сондай-ақ ҚР адвокаттық қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен заң көмегін көрсету үшін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Өкілдің осы процесстік әрекеттердің әрқайсысын жасауға өкілеттіктері өкілдік беруші берген сенімхатта арнайы көзделуге тиіс.

Нұрбол МҰҚАНОВ,
Денисов аудандық сотының судьясы.

Шетелдік маманмен тәжірибе алмасты

Қазақ халқы атам заманнан қонақжай ғой. Соның бір куәсі жақында Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне іссапармен шетел сарапшысы, ұлыбританиялық Томас Паттерсон келді. Іссапар мақсаты – жергілікті пробация қызметімен атқарылатын жұмыс барысымен танысу, білу, қойылған талаптарды ары қарай жүзеге асыру.

Бұдан әрі шетелдік қонақ осындай кездесулердің жалғаса беретіні туралы және пробация қызметімен бірігіп атқарылатын іс-шаралардың үнемі өткізілетінін, жұмыс барысында туындайтын мәселелерді бірігіп талқылау қажеттігін айтып өтті.

Кездесу барысында Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ішіндегі мұражайды аралады. Онда қазақтың салт-дәстүрлері мен атқару жүйесі ардагерлеріне арнап жасалынған альбомдарды көрді. Танысып болғаннан кейін, қазақ халқының тағамдары қойылып, дастарқан жайылды. Сонымен қатар, ол дастарқан басында өзі туралы



және бұрынғы атқарған жұмыстары туралы, өзінің жанұясы туралы айтып берді. Сонымен қатар амандасу мен ас қайыруды рәсімін білетінін көрсетті.

Басқосу соңында біздің халқымыздың қонақжайлығына дән ризашылығын білдіріп, үлкен алғыс айтты. Осындай басқа елден келген қонақтарды

қарсы алу, көріп-білу Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіндегі жас мамандар үшін өнеге болмақ.

М. ИСМУРАТОВА,
Қостанай облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің әділет майоры.

Жергілікті полиция іске кірісті

Облыстағы жергілікті полиция жұмыстың жаңа форматына көшті. Өңірде бірнеше ауқымды операция басталды. Бұл қоғамдық тәртіп саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді.

ОИД жергілікті полиция қызметінің бастығы Н.Исмағұловтың айтуынша, облыста "Балалар түнгі қалада", "Қауіпсіз аула", "Мен сіздің учаскелік инспекторыңызбын" акциялары басталған. Екі күнде мыңнан аса әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталған. 70 жүргізуші жылдамдықты асырғаны үшін, 26 жүргізуші мас болып көлік жүргізгені үшін ұсталды. Ата-ана қарауынсыз жүрген 50 жасөспірім анықталды. 42 қылмыс ізі суымай жатып ашылды. Кісі өлтіріп, кісі тонаған іздеудегі бір қылмыскер ұсталды.

Жалпы, жыл басынын бері жергілікті полиция қызметі 12 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады.

"Мен сіздің учаскелік инспекторыңызбын" акциясы басталды

25 қаңтарда басталған "Мен сіздің учаскелік инспекторыңызбын" акциясының барысында учаскелік инспекторлар 269 азаматтар қабылдауын жүргізді.

Іс-шара кезінде полицияның учаскелік инспекторлары тұрғындармен байланысты нығайту мақсатында атқарушы билік және "Нұр Отан" партиясының өкілдерімен бірлесіп қабылдаулар жүргізді. Заңнамадағы өзгерістерді түсіндіру үшін тұрғындарға буклеттер таратылды. Барлық меншік нысанындағы объектілердің басшыларына техникалық нығайтуға қатысты 549 ұсыныс хаты тапсырылды. Осы ұсыныстардың нәтижесінде кәсіпкерлер алты бейне қадағалау камерасын орнатты.

Мас жүргізуші – қылмыскер

Қостанайлық полицейлер демалыс күндері 46 мас жүргізушіні ұстады.

Облыстың ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметі "Мас жүргізуші – қылмыскер" операциясының қорытындысын шығарды. Қаңтар айының соңғы күндері облыста жол ережесін бұзудың бір мыңнан астам жағдайы тіркелді.

Ұсталған мас жүргізушілердің төртеуі медициналық куәландырудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сарыкөл ауданында полицейлер көлік жүргізу құқығынан айырылған жүргізушіні мас күйінде ұстады.

Ойыннан от шығар

Қостанайлық полицейлер жарылғыш бомба туралы хабарлаған жасөспірімді анықтады.

29 қаңтар күні облыстың ішкі істер департаментіне жалған лаңкестік фактісі туралы ТЖД қызметкерлері хабарлады. Бұл ведомствоға белгісіз біреу Қостанай қаласындағы бір кафеде жарылғыш зат қойылғанын хабарлаған. Іздестіру шараларының барысында жалған ақпарат берушінің Қарасу ауданының Октябрь селосында тұратын 11 жастағы бала екені белгілі болды.

Бесінші сынып оқушысы сабақта тыныш отырмағасын, мұғалім оны сыныптан шығарып жібереді. Бала мектептің телефонынан облыс орталығында бомба қойылғаны туралы жалған хабар береді. Баланың бұл іс-әрекеті үшін енді ата-анасы жауап беретін болады. Заң талабына сәйкес олар 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

ОИД баспасөз қызметі.

Мұз айдынын ашты

Қамыстылық полицейлер аудандық ішкі істер бөлімі базасында аудан тұрғындарына арнап мұз айдынын ашты. Ондағы мақсат балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен қылмысының алдын алу.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша өткен жылы ауданда 70 бала түнгі уақытта құқық бұзғаны үшін ұсталған. Жыл басынан бері ювеналдық полицейлер қиын балалардың бос уақытын ұйымдас-тыруды қолға алды. Мұз айдында конькимен сырғану балалардың бос уақытын қызықты өткізуіне, денсаулығын шынықтыруға мүмкіндік береді. Түнгі уақытта түрлі-түсті шамдармен безендірілген айдында музыка ойнап тұрады. Онда келушілер саны күннен-күнге арта түсуде.

Салауатты өмір салтын ұстануда полицейлер аудан тұрғындарына үлгі-өнеге болуда. Тәртіп сақшылары жазда футбол ойнап, қыста хоккей ойнайды. Аудандық ІІБ бастығы, полиция полковнигі Серік Нұртаевтың айтуынша спортпен шұғылдану тәртіп сақшыларының қызметіне өз пайдасын тигізуде.



Шұғаның белгісі

Әдебиет пен өнер

АҒЫЗДЫҢ НӘРІ — ШЫНДЫҚ

Бегім Сұлу

Он бірінші ғасырдың тұсында Мәлік шахтың патшалық құрған тұсында Салжұқтар елі әбден кемеліне келген екен. Мәлік шах өлгеннен соң таққа оның баласы Санжар отырады. Санжар астанасын Хорасаннан көшіріп, Сыр бойындағы Жанкентке орналастырады да, бұл шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ол аң аулап, сейіл құрғанды ұнатады екен. Сөйтіп жүріп Созақ маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегімге үйленеді.

Бегім жаратылысынан көркіне ақылы сай, парасаты мол қыз болыпты. Санжарды да табындырған осындай сан қырлы қасиеттері болса керек.

Санжар аңға шығып бара жатып құлын үйінде қалған қанжарды әкелуге жұмсайды. Қанжарды ұсынғанда Бегім сұлудың аппақ қолын көріп құл есінен айырылып құлап қалады. Кешігу себебін түсіндірген құл «Ханым білегімнен ұстап жібермей қалды» депті. Санжар ақ-қарасын тексермей Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Келесі күні Қарабура әулие қиналып жатқан қызының түсіне кіріп: «Балам, бұлтартпай шыныңды айт. Ақпысың, әлде қарамысың? Ақ болсаң алаам жәрдем беріп жараңды жазар, қара болсаң қарғар, тек тұрасың айт!» депті. Сонда Бегім жылап тұрып: «Атажан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін! Егер, Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, ата!» – деп зар еңіреді.

Осыдан соң Қарабура Санжардың да түсіне кіріп: «Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып, саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесіліп, сол танауы тілінген күйде мүгедек болып қалсын! Егер, керісінше болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей жаза қолданғанда бір ауыз әділ сөзін айтпаған сенің шаһарыңды тірі адам қалдырмай жылан жұтсын!» деп қарғап батасын береді. Келесі күні таң ата хан зынданға адам жібереді. Жіберген адамы барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен дейді. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақытысында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші толы жылан екен. Жылан тысқа тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Сонымен жайнап тұрған Жанкент шаһары Санжар сияқты қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болады.

Ал, Бегім сұлу болса өз әкесі Қарабура әулиенің көмегімен Бегім Ана белгісін салдырып: «Мұнан былай еркекті көрмеймін» деп, қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізген. Ата-басының қасиеті дарып, кейін Бегім Ана әулие атанады.

Он үшінші ғасырда салынған Бегім Ана кесенесі қазір Қызылорданың Қазалы ауданында тұр.

Туған жер келбетіңнен айналайын!

Қызығам ескен ерке самалыңа,
Қызығам нұрын төккен шапағына.
Қызықпай қайтесің-ау туған жерге,
Балбырап жатқаннан соң дала мына.

Қоңыржай табиғаты кербезденіп,
Кетеді көз алдыңда көркемденіп.
Уа, достым туған жерге қарашы әне,
Тұрғандай салтанатты менменденіп.

Кең төсі бұлаң белі қар жамылған,
Шашындай сұлу қыздың тарқатылған.
Балалық балдәуреннің табаны бар,
Айналдым туған жердің соқпағынан.

Батырдың жатысындай жайпақ далам,
Қырында төрт түлігің ойнақтаған.
Сүрлеуін сүйкімді қып тамылжыта,
Қыс шіркін аязымен жайнақтаған.

Еркелеп өрнегін сап күндізгі рең,
Төріне төсегендей шіркін кілем.
Ай шықса қонақтанып таңға шейін,
Туған жер әсемсің-ау күндізгіден.

Қызығам сенің сүйрік жолдарыңа,
Бастаған мені алыс арманыма.
Әсерлі таң тамаша күйге бөлер,
Әр атқан қызығамын таңдарына.

Ақ бұлтты анда-санда қылаңдаған,
Аспанын жайдары ашық сылаңдаған,
Көз салып көкжиектен көкке күнде,
Жүруші еді армандарға құмар балаң.

Сағынсам тебіренер жырым менің,
Ғұмырлы тарихыңмен дүбірлі едің.
Туған жер қасиетіңнен айналайын,
Сүйсінтер алақандай жұмыр жерің.

Жалғас ӘЛІМҒАЗЫ.

Арқалық қаласы.

ҚЫСТЫҢ КӨРКІ

Қоңыр ағаш ақшаңқан түрге еніп,
Бұтақтары ақ қармен кестеленіп.
Шыршалары безенді келіндердей,
Сәлем салып тұрғандай неткен көрік!

Жасап қырдан сан безек, сан қилы өрнек,
Жасандырып даланы нұрға бөлеп.
Өзендерді айнадай жалтыратты,
Тойлап жатыр көп бала салып дүрмек.

Мың құбылған бораны – асқан биші,
(Баураған сиқырлы әлем сырын түйші)
Түнгі аспанды тамсантип, тербетіп тұр,
Қобызшыдай күй тартқан дала-күйші.

Аса дарын суретші қыстың өзі,
(Бір ін дерсің адамның басқан ізі)
Ақтарылған ақ сүттей тасып жатыр,
Асқақ арман, ақ үміт-жыл лебізі.

Қабағы бір түйіліп, бір ашылған,
«Ашуы» бірде тарап, бірде ашынған.
Шабандоздай құйғытып көкпар тартқан,
Құйындатып өтеді дәл қасыңнан.

Е.СЕРІКБАЕВ.

Қашар кенті,
Рудный қаласы.



Қиын «жанр»

Сықақ жазсам кейбіреу ұнатпайды,
Сатирам үсті-үстіне лақтайды.
Қасиетті «лирика» қайда жүрсің?
Бақ қонып маған қашан тұрақтайды.

Әдемі сұлу өлең жаза алмаймын,
Сықақсыз бұл өмірде тазармаймын.
Еріксіз оң қолыма қалам ұстап,
Жақсы өлең жазсайшы! – деп мазалаймын.

Бірақ та қолдан келер сықақ қана,
Іздеймін халқым сенен мықтап пана.
Тәңірім қиғыш қылып жаратқан соң,
Сыйлықсыз қалғанымда мұқап қалам.

Ұстаймын қалқан етіп «Сатираны»
Шымшым көкек «ана» Қатираны.

Шымшым ақша жегіш әкімді де,
Деменіз тағы міне қақылдады.

Қыспаймын, құйрықты да, көзімді де,
Ой-түйін жүрегімде, сөзім тілде.
Қара қылды қақ жарған Дәрібала әжем,
Жасымнан шынықтырған төзімді де.

Бәкеш АЙСИН.

Қостанай қаласы.

МАЙЛЫҚОЖА

МАРЖАНДАРЫ

(1835 – 1898)

Өлшеніп берген
өмір бар

Дүниеге мейман көңілім,
Мақтансам, дауа тілерсің.
Өлшеніп берген өмір бар,
Уақытыңмен жүрерсің.
Кейбір күнде қапа боп,
Кейбір күнде келерсің.
Бір қалыппен еш пенде
Бітіре алмас үлесін.
Көлеңкелі бұлттай
Көшпелі болған дүниесің.
Ажал келсе, жатқызар,
Маңдайдан басқан ұйқыдай.
Пендені дәулет мас қылар,
Қырауды кешкен жылқыдай.
Бауыры бүтін, басы есен
Сағынар сауық – күлкіні-ай.
Қызықтырған түлкідей,
Дүние өтер бір күні-ай.

Ептеп кісі бай болмас,
Маңдайға құдай бермесе.
Ақыретті кім ойлар,
Ажал жетіп өлмесе?
Жылағанмен не пайда,
Жиылған жұртың көрмесе?
Жырлағанмен не пайда,
Тыңдаушы дүние бермесе?
Қатын тоймас ер десе,

Диқан тоймас жер десе.
Ер тілеуін береді,
Ерте тұрып еңіресе.
Ұят беттің пердесі,
Қымбатты ердің зердесі.
Майлықожа ақынның
Ғибрат қып айтқан термесі.

Замана

Уа, замана, дауылсың,
Қыдыра көшкен ауылсың.
Тоқым салмай, жайдақтап
Әркім мінген жауырсың!

Уа, замана, бөрісің,
Кедейдің шықпас төрісің.
Ата-бала тартысқан
Қызықты көкпар терісің!

Уа, замана, ескісің,
Ертеңгі білмес кешкісін.
Кедейлердің өткіздің
Шегене айдап ешкісін...

Уа, замана, қырланған,
Аунаған жерің сырланған.
Не төбелер бос қалып,
Не ерлер келіп құрланған.

Басы бүрлі бәйтерек –
Бұлтқа жетіп ырғалған,
Жеткен күні бір ажал –
Ара салып түбінен,
Жермен-жексен бір қылған!

Қысқа әңгімелер

Әкеңнің аты кім?

Той өткізуге бардық. Қасымыздағы жігіт екеуміз бір ауылданбыз. Қақ төрде әкемнің құрдасы отыр екен. Барып сәлем бердім. Әлгі кісі көзін сығырайтып: «Танымадым ғой, қай жақтың баласысың? – дейді. Бетіне аң-таң боп қарадым. Алжып отыр дейін десем, жасы алпыстан жаңа ғана асты, үндемедім.

Тойды аяқтар кезде, әлгі кісі микрофонды алып: «ал құдалар мына асаба жігіттің әкесімен құрдаспын. Жаңа келіп сәлем бергенде, әдейі әкесінің атын, туған жерін сұрадым, бұл болса бетіме бағжия бір қарады да кете барды. Бұлай деп отырғаным баяғыда осы Көкшетаудың бір кісісі базардан түйе сатып алып, әкеңнің аты кім? – деп саудагер жігіттен сұрапты.

Сонда әлгі жігіт:

– Алар түйенді алдың, бұйдасынан ұстап тұрсың, енді әкемнің аты неменеге керек? – депті. Түйе сатып алып тұрған кісі:

– Бүркітті деген тауым бар, Балпаш деген сорым бар, сол сорға келгенде, түйенің жүгі ауырлар, сонда әкеңнің керек жері бар, – депті. Сіздердің көздеріңізше мына бала менің құрдасымның баласы деп мақтанып, даурығып құр бөссем, бұл тойды дұрыс өткізе алмай ырың-жырың қылып жіберсе, сіздердің көңілдеріңізден шықпаса, әкесінің керек жері бар екенін әлгінде әдейі ескертіп айттым, – дейді.

Тауып айтылған жүйелі сөз «сөз тапқанға, қолқа жоқ» – деген рас-ау, ә?

Қара құлып қалды...

Осы аймаққа балалары белгілі бір қария бақилық болып, соның жсаназасына бардық. Қара-құрым халық. Өйтіп-бүйтіп марқұмды қойып келген соң, қымбат бір дәмханада асын берді. Ас үстінде жігіттер күбірлесіп отыр.

– Апыр-ай, балалары қандай дәулетті. Күтуші жалдап әкесін жақсы бақты. Перзенттік парызда-рын өтеді-ау, бірақ өлік шыққан үй бүгіннен бастап иесіз қаңырап қалады, бәрі жан-жақта, – деп сыбырласып жатыр еді.

Мына жақта жүрген марқұмның інісі: «Әй, неге иесіз қалады деп тантып отырсыңдар, балалары бар. Анау-мынау емес, балалары дүрдей қызметкерлер, үй иесіз қалған жоқ, есігінде қара құлып пен байлаулы неміс овчаркасы қалды, солар ие емес пе?!» – деп зірк ете түсті.

Түк түсінсем бұйырмасын, кекетіп айтты ма? Жоқ, әлде пыш-пыштап отырғандардың бетін қайтарғысы келді ме? Әйтеуір зілді сөз. Әлгі күбірлеп отырған жігіттер жым болды.

Ішімізге сыйған бала...

Алдарына бір астау ет келіп, жылы жұмсағын кертіп жеп отырғандардың үстіне бардым. Ерте барсам да төр менікі емес, босаға жақтағы бос орынға жайғастым. Етке сылқия тойып алған, Жанәділ қария қыс ұзаққа созылатын түрі бар, былтыр қыс азығын аз жинағанын сөз етті. Қолдағы бірер қараның бір апталық қана азығы бар деп уайым қылды.

– Мен сені түсінбеймін, – деді замандасы Нұрхан. Малды сат, үйді сат, дүниені сат та баланың қолына тарт, мында кемпір екеуің даңғарадай үйде не отырыс осы?! – деп Жанәділ қарияға мұрты тікірейіп ызбарлана қарады.

– Е-е, замандас, кезінде кемпір екеуіміздің ішімізге сыйған баланың сыртына сыймай тұрмыз ғой, – деп күрсінді қария.

Шіркін-ай, ә? Тауып айтылған жүйелі сөз. Баласы енші алып кеткелі ауылға ат ізін де салмайды. Соны меңзеп айтып тұр-ау қария, – деймін іштей қынжылып.

Жеңіс ОСПАНОВ.

Амандасу

Бір ауылдың жігіттері шешендікпен аты шығып қалған екінші бір ауылдың жігітін сөзден тосып, мұқатпақ ниетпен қонаққа шақырады. Жанына екі-үш кісі ертіп, әлгі жігіт ауылдың шеткі үйіне келе бергенде, тасада тұрған ауыл жігіттері шыға келіп:

Ассалаумалейкум, ашаның баласы, Құрт-құмырсқа, масаның баласы, – деп тақпақтай жөнеліпті. Шешен жігіт саспастан:

Әлейкүмассалам, келінің елі,
Құтырған қыр желінің елі,
Жынойнақ, бақсы перінің елі,
Бозаңды ішіп, ботқаны жеп алып,
Аузыңа келгеніңді оттайсың.
Елді, жерді даттаған,
Күндіз-түні жатпаған,
Халқым-ау, осы тентектерді
Неге ғана жақтайсың?! –
деп төрлетте беріпті.

Қиын мен оңай

Тұрмыс-тіршіліктің әр жайы әңгіме болған топ жиында біреу отырып:

– Дүниеде не оңай, не қиын? – деген екен.

Біреулер: «Анау оңай», – десе, енді біреулер: «Мынау қиын», – деп жұрт белгілі бір шешімге келе алмай, керілдісіп қалыпты.

Сонда көп жасап, көпті көрген бір қария түрегеліп. – О, халайық! Бұл дүниеде не көп?

Оңай да, қиын да көп. Соның ішінде біреуге ақыл айтқан оңай. Ал сол ақылшының өзі айтқанын өзі орындаудан қиын нәрсе жоқ, – депті.

«Ақ тоқым, қос таңбалы...»

Әрі ақын, әрі балуан Ахмади деген жігіт жалғыз атын жоғалтып, Бақ бақты жиын өткізіп жатқан Қожахан болыстың ауылына келеді. Болыс баса-көктеп кірген кедей ақынды жақтырмай, шаруасын сұрап білген соң: «Атыңның белгісін өлеңмен айт, әйтпесе, үйіңе қайт», – дейді. Сонда Ахмади:

Ақ тоқым, қос таңбалы өзі жирен,
Қиянқес ұры алмаса шықпайды үйден.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Нәсілі бір кем емес болыс, биден.
Ақ тоқым, қос таңбалы жирен еді,
Шананы қар жауған сүйрер еді.
Болдырып көп жұмыстан еті арыса,
Дорбаға қи сап берсем күйленеді.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Болыс боп бір тайпа елді билер еді, –
дегенде Қожахан болыс одан арғысын айтқызбай:

«Аты жүйрік қайырады, тілі жүйрік айырады», – деген, мынаның тілі улы екен, жоғын тауып беріп қайтарыңдар, – депті.

Патша мен диқан

Ертеде бір кісі жас баласынан:

– Патша үлкен бе, диқан үлкен бе? – деп сұрапты. Бала кідірместен:

– Әрине, диқан үлкен, – дейді.

– Қалайша? – дейді әкесі.

Сонда әлгі бала:

– Диқан астық бермесе, патша аштан өлмей ме? – деген екен.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Диевтегі ұлық мейрам

Алла тағала ең соңғы Елшісін әлемге өз мейірімін түсіру үшін жіберді. Демек, Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с) дүниеге келген күн – Алланың бүкіл жер жүзіне рақым-мейірімі молынан түскен күн. Пайғамбарымыз тура жолда, нұрлы, мейірімді және ерекшелікке толы кіршіксіз өмірінен соң, мәңгілік әлеміне көшті. Артында дүниелік мал-мүлік емес, ұлы рухани мұра қалды. Адамзаттың мәңгілік діні – Ислам дінін таратты. Кештің мақсаты – жүрегінде иманы бар мұсылман жұртшылығының басын қосып, таңдаулы тұлғаның тағылымға толы өмірбаяны мен өсиеттерін жан-жақты насихаттау және Оған деген үмбеттің сүйіспеншілігін ояту.

Үстіміздегі жылғы Мәуліт мейрамы аудандағы ірі шаруашылық Диев елді мекенінде өтті. Ұлық мерекенің құрметті қонақтары – аудан әкімі Амантай Балғарин, аудандық мәслихаттың хатшысы Александр Бондаренко, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Қостанай облысы бойынша өкіл имамы, Марал ишан атындағы Ақ мешіттің бас имамы Бақытбек Тәжімбет, ауданның Құрметті азаматтары Мырзағали қажы Ғабдуллин, Әкімбек қажы Қабден, Сағындық Досмағамбетов, облысқа танымал кәсіпкер Төлеген Жайлаубаев, барлық елді мекендерден ақсақалды қариялар, ақ жаулықты аналар, ауыл имамдары, округ әкімдері, ЖШС, шаруа қожалығы басшылары, халық – бәрі кісідей Мұхаммед (с.ғ.с)-ның дүниеге келген Мәуліт күнінде Оның үмметі болғандарына шүкір етіп, сүйікті Нәбиіне салауат айту үшін жиналды.

Диев – әр ұлт өкілдері татутәтті тұратын, ұлтқа бөлінбейтін, барлық мерекелерді бірге тойлайтын ел. Ұлық мейрамды тойлаудан бұрынғы еңбек ардагерлері де шет қалмады. Жиылған

жұрттың жүзіндегі шаттық пен көкірегіңдегі қуаныш зәулім мәдениет үйінің ішін ерекше бір шуақты күндей жарқыратып нұрға бөледі. Мерекелік шара Әмит ишан атындағы мешіттің шәкірті Әлинұр Балахметтің әдемі мақаммен құран оқуымен басталды. Көпшілік назарына Пайғамбардың (с.ғ.с.) шексіз мейірімділігін суреттейтін "Сағындым сені, Иа Расул Алла" деректі фильмі ұсынылды. Одан кейін қасиетті күннің қуанышына ортақтасып, ізгі ниетін білдіру үшін сахнаға Марал ишан атындағы Ақ мешіттің бас имамы Б.Тәжімбет көтерілді.

– Құрметті бүгінгі мерекеге қатысушы жамағат! Расында, Алла елшісінен (с.ғ.с.) алар үлгі, өнеге мол. Оның ғибратқа толы нұрлы ғұмырын оқып-үйрену – барша мұсылманның басты міндеті. Бүгін біз де осы ғимараттың ішінде Алла елшісіне деген ыстық ықыласымызды жеткізіп, оның мұра етіп қалдырған құндылықтарын насихаттап, сағынышпен салауат сәлемдерімізді жолдаймыз. Құрметті ағайын! Ислам халықты ұлтына, нәсіліне, тегіне, тіліне бөлмейді, алаламайды.



Қазақстан – ортақ үйіміз. Олай болса, Алла тағала бізге діни бірлік, имандылық, салауаттылық, татулық берсін. Отбастарыңызға қуаныш, береке тілеймін. Мәуліт біздің басымызды осылай тек қана қуанышта қоса берсін. Айрандай ұйып отырған халқымыздың ынтымағын Алла тағала ұзағынан сүйіндірсін. Елбасы және ел қамында жүрген азаматтарға ғиаят пен тауфиқ тілейік, – деген Бақытбек Нұрғабилұлының есті пендеге ой салатын уағыз-насихаты жамағатты ұйытып, жүрегін тебіртті.

Бас имам Мәуліт мерекесін өткізуге демеуші болған ЖШС бас директоры Олег Даниленконың сауапты ісіне шынайы ал-

ғыс сезімін білдіріп, биылғы жыл мол астықты, ырысты болсын деген тілегін жолдады. Одан әрі бас имам мешіт жанашырларына өз атынан салтанатты түрде Алғыс хат табыс етті.

Келесі кезекте аудан әкімі Амантай Балғарин барша жиналған халықты қасиетті күнмен құттықтап: "Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың іс-әрекеттерін насихаттау, салауаттар айту, жастарға имандылық қағидаттарын түсіндіру, оларды отансүйіштікке, бауырмалдыққа, адамгершілікке, ата-ананы құрметтеуге және түрлі теріс қылықтардан сақтануға шақыру болып табылады. Олай болса, жалпы халқымызды біріктіретін, ұлттық

мүддемізді қорғайтын, сана-сезімге еркіндік беретін тіліміз бен дінімізге Мәуліт айы қуат берсін. Баршаңызға бақыт, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Мәуліт мерекелеріңіз құтты болсын!" деді. Сондай-ақ, аудан басшысы келер жылғы Мәулітті өткізуді "Чернигов" ЖШС директоры Имран Гучиговтің мойнына алғанын қуанышпен жеткізді. Сахнаға шыққан О.Даниленко да жиналған қауымды Мәуліт мерекесімен шын жүректен құттықтап, игі тілегін жолдады. Одан әрі Олег Владимирович бір топ сыйлы ел ағаларының иығына шапан жапты.

Бұл күні сахнадан төгілген Ерлан Қасымовтың орындауындағы "Мұхаммад" діни әні көпшіліктің жүрек түкпіріне жол тартып, ерекше әсер етті. Балалар өнер мектебінің мұғалімдері Азамат Сақауов пен Гүлмира Әлиевалар орындаған "Иман келтіру" әні мерекенің шырайын келтіріп, еріксіз ойға қалдырды. Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқушылары Толғанай Әбусағит пен Арайлым Сәдуақасованың имандылыққа, бірлік пен ынтымаққа шақыратын, тәрбиелік маңызы бар "Дін ислам дінгегім" мен "Уақыт қадірі" атты өлең шумақтары көптің санасына жетіп, ойға қалдырғаны анық. Квартеттің асқан шеберлікпен орындаған "Күй" тартысы, өнерпаздар – Ерлан Қасымов пен Алан Бектеміровті де салауатты көпшілік жылы қабылдады. "Кім мұсылманның дүниедегі қайғысын жеңілдетсе, Алла ол кісінің қияметтегі қайғысын жеңіл етеді", – делінген хадисте. Үлкен-кіші назарына ұсынылған "Теріс ағым қатері" атты сахналанған көріністі Тұрғын қажы Досмағамбетов, Жанат Тұрмұхамбетова, Ерлан Қасымов ұсынды.

Осылайша, мәуліт мерекесінде рухани қуат алып, туған елімізге Алланың нұры жаусын деген ниетпен тарқаған халық арықарай ақ дастарқан басында бас қосты.

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА.
Әулікөл ауданы.

● ЕҢБЕКПЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Үздік бизнес жоба

Қылмыстық-атқару жүйесі – сотталғандардың жазаларын өтеумен қоса тәрбиелеп, қоғамға бейімдеп, еңбекпен қамтуды да жүзеге асырады. Еңбекпен тәрбиелеу – ең тиімді тәсілдердің бірі десек, қателеспейміз. Осы мәселелерге байланысты ҚР ІІМ ҚАЖК "УК-161/2 мекемесі" РММ "Үздік бизнес жоба" атты сотталғандардың арасында сайыс өтті.

Бұл бастамаға жазасын өтеушілер С.Ошнуров пен А.Сартин қатысып, өз бизнес-жобаларын қазылар алқасына ұсынды.

Әрине, осы екі жанның еңбектері темір тордың ар жағында отырғандарды қуантарлығы сөзсіз. Себебі, қоғамнан оқшау орындарында жобаның есеп-қисабын шығарып, іс жүзіне асыру темір тордың арғы жағы түгілі бергі жағындағылардың қолдарынан да келуі екіталай.

Іс-шараның әділ өтуі үшін Қостанай облысы бойынша ҚАЖД сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының бас маманы Е.Безносова, мекеме бастығының жалпы сұрақтары және сотталғандардың еңбегін ұйымдас-

тыру бойынша орынбасары И.Каркавина, Еңбек-Қостанай №4 учаскесінің аға шебері К.Ордабеков, сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Қойшыман, сотталғандармен тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы М.Қажыгелдинов қатысты.

Алғашқы болып өзінің жобасын А.Сартин таныстырды. Бұл жоба алғашқы кезеңде сотталғандардың жұмыс жасауына, жәбір шегушінің берген талаптарының төленуіне, сотталғандардың туған-туыстарына тапқан нәпақаларымен бөлісу үшін керектігін

көрсетті. Бұл бизнес жобаның мақсаты – сотталғандардың қызығушылықтарын арттырып, бақтарын ашуға бағытталған. Сондай-ақ, түзету мекемесінде ағаштан әсем бұйымдар дайындау. Өз жобасын қорғаған А.Сартин: "Сотталғандар жазасын өтеу барысында тәжірибе жинаса, бостандыққа шыққанда өз бизнесін ашуға әрі жұмыс табары сөзсіз", – деді.

Ал, С.Ошнуровтың жобасы дөңді дақылдар өсіруге бағытталған.

Іс-шараға қатысушылардың қайсысын алып қарасақ

та, жобаларын жан-жақты дайындап келгені байқалды. Басынан аяғына дейінгі кезеңдер қамтылған. Қазыларға сотталғандардың шығармашылық жобаларына қорытынды шығару да қиынға соқты. Үздік және қолжетімді бағдарлама-жоба дайындағаны үшін О.В. Ошнуровтың ұсынған жобасы таңдап алынып, қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне жолданды.

Жұлдыз СМАҒҰЛОВА,
ҚР ІІМ ҚАЖК "УК-161/2 мекемесі" СЕҰБ инспекторы.

● ФЕСТИВАЛЬ

Екі ұрпақтың жұлдыздары

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Рудный қалалық оқушылар мен жастар сарайында нағыз аншлаг. Себебі, мұнда Қостанай мен Рудный, Қашар кенті мен Меңдіқара ауданының шығармашыл жастары мен ардагерлері дәстүрлі «Екі ұрпақтың жұлдыздары» фестивалінде бас қосты.

Шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген қала



әкімінің орынбасары Елена Скареева бір отандағы біртұтас халықтың салт-дәстүрі мен мәдениетін насихаттаудағы аға ұрпақтың еңбегін ерекше атап өтті. Ол «он саусағынан бал тамған» белсенді ардагерлеріміз тұрғанда ұрпақтар сабақтастығы үзілмейтіндігіне сенім білдірді.

Айта кетерлігі, фестивальді осымен үшінші жыл қатарынан қалалық ардагерлер кеңесі ұйымдастырып келеді.

Биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай шараның ауқымы кеңейіп, оған өзге аудан-қалалардан да өнерпаздар шақырылған.

– Басты мақсат – үйде отырып қалған өнерлі ардагерлерімізді сахнаға шығарып, олардың көңілін аулау, қуаныш сыйлау. Даңқты ерліктерін көріп, соңынан еріп келе жатқан жастармен арадағы қарым-қатынасын нығайту. Күн аяз болғандығына қарамастан 300 адамдық заллық толғандығына ризамын. Себебі, көрермендер өз қалауы, өз еркі бойынша шақыртуымызды қабыл алып, келіп отыр, – дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәлімгерей Бексейітов.

Фестивальге 14 жұп қатысып, өткен ғасырдың 50-70-жылдардағы ретро әндерін шырқады. Кеш шымылдығын Шәмші Қалдаяқовтың «Арыс жағасында» өнімен Гүлнар Молдахметова мен Айман Нұрпейісова ашты. Одан кейін сахнаға



шыққан Сенбай Нұрғалиев мен Елена Рерих «У синего моря», меңдіқаралық Галина Добрыдина мен Мәди Нұрмұхамбетов «А годы летят..», Жақсылық Көкенов пен Әбілқайыр Қанафин «Надо мной небо синее», Болат Торғаев пен Айгүл Әбдірахманова «Сұлу қыз», Жеңіс Көжекеев пен Айдана Өміржанова «Кешікпей келем деп ең» атты халыққа етене жақын әндерін орындап, көрерменнің ыстық ықыла-

сына бөленді. Ал, «Қазак вальсін» жоғары деңгейде алып шыққан Рыскүл Жексембаева мен Маргарита Семибратованың өнерін әділқазылар алқасы бірауыздан ең үздік деп танып, фестивальдің бас жұлдісін табыстады. Кеш қорытындысы бойынша барлық жұптар демеушілер ұсынған алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Ең бастысы, тамаша концерттен халық рухани демалып қайтты.

● ЖАҢА АЙДАР: «ЖӘДІГЕР»

115 ЖЫЛ
БОЛҒАН ТҰСАУҚыдырбек
ҚИЫСХАН

Құрметті оқырман! Газетімізде биылғы жылдан бастап «Жәдігер» атауымен жаңа айдар ашылмақшы. Аты айтып тұрғандай, тұрғындарымыздың үйінде ертеден сақталып келе жатқан әрі музейге тапсырылмаған ұлттық бұйымдар, көне заттарды газет арқылы көпшілікке жарияламақпыз. Бағзыдан жеткен жәдігер әрбіріңіздің шаңырағыңызда бар деп сенеміз. Тек зат иесі қолындағы көне бұйымының суретін түсіріп, оның тарихын сипаттап, редакциямызға жолдаса болғаны.

Жаңа айдар алғашқы бетін Федоров ауданы Успеннов ауылынан жеткен жәдігермен ашпақшы. Суреттегі кісенді 1992 жылы Тоқтақынұлы Боқай Моңғолиядан атамекенге алып келіпті. Бұл кісен Тоқтақынға ағасы Ахметтен өткен ғасырдың 30-шы жылдары қалған екен. Ахмет өз заманында дүлей күш иесі, батыр, қарсыластарының қолынан мерт болған адам.



Кісеннің жасалғанына кемінде 110-115 жыл болған деседі. Ғасырдан астам пайдалануда келе жатқан тұсау әлі бүлінбеген. Бұл да темірдің асылдан болғанынан шығар. Металды ешқандай дәнекерсіз қосқан әрі ширатып жасаған, кілтпен ашылып-жабылады. Ең бастысы, ерте заманда мұндай бұйым жүйрік аттарды тұсап, ұрлық-қарлыққа жол бермеуге таптырмас құрал саналған.



● КІТАП ӘЛЕМІНДЕ

Жеңімпаз ұрпақты
ұлықтаудың үлгісі

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында өшпестей із қалдырды. Сұрапыл зұлматтың салдарынан миллиондаған адамның өмірі қиылды, жүздеген қала мен ауыл жермен-жексен етілді. Қанқұйлы фашизмнің зардабы қазақстандықтарға да ауыр тиді.

Елбасы Н.Назарбаев Ұлы Жеңістің 60 жылдығына арнап сөйлеген сөзінде «Бұрынғы Кеңес Одағының халықтары үшін ол Ұлы Отан соғысы болды, өйткені армия ғана емес, бүкіл халық Отан қорғауға көтерілді. Қазақстан біртұтас халықтар отбасында Ұлы Отан соғысына қатысты. Сондықтан да соғыс пен ол туралы зерде – көпұлтты Қазақстанның жалпы тарихының бір бөлігі» деген екен.

Зерде демекші, таяуда «Қостанай таңының» кітапханасы» сериясымен «Өшпес даңқ» кітабы жарық көрді. Ол туралы хабардар болысымен, редакцияға қоңырау шалдым. Мұның алдында журналист-жазушы Сәлім Меңдібаевтан облыстық газетімізде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жарияланған материалдар негізінде жазылған кітап баспаға әзірленіп жатқанын естіп едім.

Міне, сол «Өшпес даңқ» қолыма тиді! Мұқабасы әсем безендірілген 491 беттік кітапты парақтап көріп, мұның сыртында қаншама маңдай тер төгіліп, үлкен еңбек сіңірілгенін сезіндім. Авторлардың естелік ретінде жазған жүрекжарды ой-толғамдарын таразылай топтастырып, баспаға әзірлеген Қазақстанның құрметті журналисі Сәлім Меңдібаев болса, оның жарық көруіне демеушілік жасаған елімізге танымал азамат Өмірзақ Ихтиялов

екен. Осы орайда қас батыр Бауыржан Момышұлының «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ет» деген өсиет сөзі тілге оралып, ел мүддесі үшін риясыз қызмет етіп жүрген қос тұлғаға тағылымды туындыны халық игілігіне ұсынғаны үшін шексіз алғыс білдіруді жөн көрдім.

«Өшпес даңққа» менің екі мақалам енгізіліпті. Бірі әкем Сүйінкин Балтаға қатысты болса, екіншісін Меңдіқара педучилищесінің үздік оқушысы, стипендиат болған, қан майданда жүріп хабар-ошарсыз кеткен қыршын жас Қабден Жанбосыновқа арнаған едім. Сүйікті ұстазымыз Қыпшақ Ысмағұлов туралы материалдың ұрпақтары, шәкірттері үшін орны бөлек (авторы – Н.Шәйкенов).

Әулет үшін ең аяулы жанның бейнесі басылып, ол туралы мәлімет я болмаса бастан кешкен оқиғасы баяндалған кітап ұрпақтар үшін алтыннан да қымбат асыл мұра болып қала бермек.

Өз басым аталмыш кітапты тарихты қастерлеудің, ерлікке тағзым етудің, жеңімпаз ұрпақты ұлықтаудың үлгісі деп қабылдадым, өзгелердің де осылайша бағаларына сенімім кәміл.

Ұлы Жеңісті жақындатқандар қатарындағы қостанайлық батырларды өнеге тұтуға үндейтін, қазақстандық патриотизмге баулитын «Өшпес даңқтың» сан ұрпақтарға өшпес нәр беріп, олардың бойында қайсар рухтың қалыптасуына септігін тигізері сөзсіз.

Пиалаш СҮЙІНКИНА,
ҚР білім беру ісінің құрметті
қызметкері.

Рудный қаласы.

Ыбырайтану негіздері

Казан төңкерісіне дейін Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі жайында алғаш қалам тербеген Асылқожа Құрманбаев еді.

А. Құрманбаев 1858 жылы бұрынғы Қостанай уезінде Торғай бойында туып өскен. Алғаш ауыл молдасынан сауат ашқан ол кейін мұғалімдер семинариясын бітіреді. Ы. Алтынсариннің жолдама-сымен Красноуфинскідегі реалдық училищенің шаруа бөлімін тәмамдаған Асылқожаны Николаевск (Қазіргі Қостанай) училищесіне оқытушы етіп жібереді. Алайда ол Омбы губернаторының тілмашы болып орналасады. Кейін бұл жұмысты да тастап «Дала уалаятының газетіне» қызметке тұрып, оның қазақша жағын басқарады.

Ол Ы.Алтынсарин жайында осы «Дала уалаятының газетінде»: «Қазақтың тілі соншалық мол, ләкін қазақтың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады, «қазақша тілдің қазірден жетекші екенін Алтынсарин бір-ақ ауыз сөзбен айтып қойған жоқ еді» деп, одан әрі Ы. Алтынсариннің «Түлкі мен қарға», «Жаз» және тағы басқа өзге өлеңдерінің басқа тіл араластырылмай, таза қазақша жазылғанын көрсетеді. Автор өкінішін де жасырмай, таза қазақ тілінде басқа ұлт тілдерін араластырмай таза жазуды ешкім талап етіп отырмағанын айтады. Мақаласын «Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды» деп түйіндейді. [«Дала уалаятының газеті» 1894, 10 шілде].

«Оренбургский листок» газетінің 1884 жылы 26 апрельдегі санында жарық көрген «Әдеби тұрғыдан қарағанда Алтынсариннің қазақтар үшін маңызы» деген мақалада: «Соңғы кезде әдебиетте Алтынсариннің шығармалары және оның қысқа мерзімде аса мұқияттылықпен жинаған халық әдебиетінің нұсқалары пайда бола бастады» деп жазып, ақынның «Өсиет», «Жаз», тағы басқа өлеңдерінің халықтың авторға деген сүйіспеншілігі мен тілектестігін тудырғанын, мұндай ағартушылық сипаттағы еңбектер ұмытылмайтынын айтады. «Біз төрізді көшпелі ел үшін Алтынсариннің өзі қандай қажет болса, еңбектері де сондай қажет. Россияда орыс білімінің қандай маңызы болғанын білетін адам мұны да түсіне алады. Алтынсариннің ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда оның барлық өмірін көреміз», – дейді.

Дінмұхаммед Сұлтанғазин «Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы алтыншы санында «Біздің қазақ туралы бес-алты сөз» мақаласында Ы.Алтынсариннің қазақ тілінде кітап шығарып, ана тілімізді ардақтағанын қуана жазады.

Ұлы ұстаздың қызметі мен өмірі, үлгілі істері, шығармашылығы, ұстаздық жолы, өмірдегі ұстанымы Н.И.Ильминскийдің «Ы. Алтынсарин жайындағы естеліктерінде» жақсы көрініс тапты. Автор естелігінде Ыбыраймен қалай танысқанын, оның оқып білім алуына атасы атақты Балғожа бидің тікелей себепкер болғанын, Ыбырай Балғожаның немересі болғандықтан ғана емес, өзінің жеке басының қасиеттерімен, сондай-ақ дарындылығымен көзге түсіп, маңайына жаққанын айтады.

Бір сөзбен қысқаша айтқанда, естелікте Ыбырайдың саналы өмірі, қызметі, шығармашылығы, тұрмыс-тіршілігі, отбасы түгел көрініс береді.

Шығарма: «Мен оның тек басты қасиеттерін ғана атап өттім, бірақ осылардың өзінен-ақ, оның бүкіл жан-дүниесі, көзқарасы, әсіресе, өз халқын ағарту ісіне деген қызу талпынысы, оның мұғалімдерге деген ықылас-іліспаты көрінеді». [Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер; Құраст. М. Жармұхамедов.- Алматы: Жазушы, 1991-357 б.], – деп аяқталады. Осы бірер сөздің өзінен-ақ Ыбырай Алтынсариннің қандай адам болғанын аңғару қиын емес.

1889 жылдың 28 сентябрінде жазылған Ф.Д.Соколовтың, дәл осы уақытта жазылған А.Мазохиннің Ыбырай Алтынсарин туралы

естеліктерінде де ұлы ұстаздың тындырымды ісі мен шығармашылығы, өмірде қандай адам болғандығы егжей-тегжейлі баян етіледі.

Отыншы Әлжанов «Дала уалаятының газетінде»: «Алтынсарин Ильминскийдің шәкірті еді. Бұл қазақ бек зерек, жұмыскер адам еді һәм әр ғылымды өзі оқып біліп еді. Алтынсарин марқұм қазақтарға ғылым, өнер үйретуді жиһат етіп жүруші еді» – деп, одан әрі Ыбырайдың әр түрлі өлең нұсқалары мен әңгімелерді жинап кітап етіп бастырғанын, қазақтарға орыс тілін үйрету мақсатында тағы бір кітап шығарғанын жазады [«Дала уалаятының газеті», 1899 ж. кітап болып шыққан нұсқасынан 619 б.].

Отыншы Әлжановтың «Қазақтарға пайдалы кітаптар» атты мақала-рецензиясында да Алтынсариннің аты аталып, «Қазақ хрестоматиясы» жайында әңгіме болады [«Дала уалаятының газеті» 1894, №39].

О.Әлжанов – 1873 жылы 12 тамызда Семей облысының Зайсан уезінде Нарын болысына қарасты №6 ауылда (Қазіргі Ақсуат ауданында) дүниеге келген. Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-қазақ училищесін, 1890 жылы Омбы қалалық мұғалімдер семинариясын бітірген. Ірі қалам қайраткері қоғамдағы аса маңызды мәселелерге қалам тербеген көрнекті публицист.

Рақымжан Дүйсенбев «Қазақтың нанғыштары» деп аталатын мақаласында қазақтың ырымшылдығын, не болса соған сенетінін мысалдар келтіре отырып дәлелдеп, қазақтарды одан сақтандырады.

1875 жылы Ыбырай Алтынсарин куә болған бір оқиғаны айтады. Онда бір әйелді өлді деп тірідей көміп тастаса, ол тірі екен. Ыбырайдың өзі өлді деген әйелді қайтадан қазып алса, әйел тірі болып шығады [«Дала уалаятының газеті» 1896, №2.].


Р.Дүйсенбаев Қарқаралы уезінің қазағы. Аудармашы, араб, парсы, орыс тілін жақсы білген. «Дала уалаятының газетінде» қызмет істеп ол талантты журналист, публицист болып қалыптасқан. Қазақ баспасөзінің тарихында өзіндік үні, қолтаңбасы бар. Ол газет бетінде халқымыздың әдебиеті мен мәдениеті жайында әңгіме қозғап, әсіресе ана тіліміздің өркендеуіне атсалысқан тұлғалардың бірі.

1879 жылы Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» кітабы жарық көргені белгілі. Осыған орай «Оренбургский листок» газеті «Ыбырай Алтынсарин дарындылық қасиеттерімен көзге түсіп, бүкіл адамдық өмір майданында ақындық қабілеттілік, таза және қуатты ойлардың таусылмас асыл қазынасымен көрінген халықтың әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тілінде бірінші кітап шығарды»[12 желтоқсан, 1879 ж.], – деп жазды.

«Дала уалаятының газеті» 1889 жылғы 31 санында «Оренбургский листок» газетінен аударылып басылған «Минақиб Ибраһим Алтынсарин» деген қазанама да Ыбырайтанудың негізі деуге болады. Өйткені мұнда да ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығы, өмірде қандай адам болғандығы баяндалады.

Көшпелі Қазақбайұлының «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретұғыны турасынан» атты мақаласында қазақ жұрты арасындағы билік айту ісінің жетімсіз жақтары сөз етіледі. Билікті Алтынсариннің адал, әділ жүргізгені, халқына жан аямай қызмет етіп, үнемі пайда келтіруді ойлағаны, алайда Ыбырайды да күндеп, атына кір келтіруді ойлаған жандардың болғаны әңгімеленеді. Автор Ыбырайды жоғары бағалап, Ыбырай о дүниелік болған соң сол қазақ ағайындарының «Алтынсариннің ақ жүзін бекерден-бекер қараламаққа жақұт қылғанымыз жарамағандық екен», – деп өкініп жүргенін айтады. [«Дала уалаятының газеті», 1894, №46].

К.Қазақбайұлы – Асылқожа Құрманбаевтың бүркеншек аты екенін екеуінің жазған шығармаларын салыстыру арқылы дәлелдеген болатынбыз [«Ұлы ұстаз ұлағаты» Қостанай «Центрум» ЖШС, -2014. -263-264 б.б.].



Әдебиеттанушы ғалым Шәмшиябану Сәтбаева сол кездегі орыс тілінде шығып тұрған басылымдарда да Ы.Алтынсариннің еңбектері жылы қабылданғанын, Мәскеудегі шығыс тілдерінің Лазаревтік институтының «Шығыстану бойынша еңбектер» журналының 1900 жылғы екінші санында ұлы ағартушының «Жаз» өлеңі қазақ тілінде И.Лаптевтің орысша түсіндірмелік аудармасымен бірге жарық көріп, жоғары бағаланғаны жайында әңгіме қозғайды. «А.Н.Самойлович түркі халықтарының әдебиеттеріне шолу жасаған еңбегінде қазақ әдебиеті туралы да жазып, Ы.Алтынсарин атын да құрметпен атап өткені белгілі», – деп жазады Ш.Сәтбаева – Өткен ғасырдың 90-шы жылдары негізі қалана бастаған Ыбырайтану советтік дәуірде тиянақты жалғасқаны, көптеген мақалалар мен зерттеулер жарияланғаны аян. Ұлы адам тұлағасы уақыт өткен сайын биіктей бермек [«Ыбырай Алтынсарин тағылымы», 284 б.].

М.Сералин: «Өткен 1914 жылы 14 июльде Алтыбас Ыбырай Алтынсариннің дүниеден қайтқанына 25 жыл толып өтті, – деп жазды. – Қазақ жұрты үшін Алтынсариннің сіңірген қызметі көп еді. Оны есіне алған қазақ болды ма? Жоқ... көресіз, біз культурный жұрт қатарына кіруден әлі алыс жатырмыз-ау» [//Айқап, №2, 1915.-18 б.].

Сондай-ақ «Айқап» журналы Ғалия шәкірттерінің «Өліппе яки төте жазу» деп аталатын кітабын шығарып, онда Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары дәйекті сақталғанын қуана жазады [«Айқап», №4, 17 б. Көкішев Т. «Әдеби сынның бастауы» «Жанр жайлауы» 1-кітап. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті», 2007. – 114 б.].

Жоғарыда сөз болған мақалалар Ыбырайтану негізі 1879-1914 жылдары қалана бастағанын айғақтайды.

«Оренбургский листок» газетінің редакторы Н.И.Евфимовский-Мировицкий газетке хабар-ошар, мақалалар жазып тұратын қазақ оқығындарының аты-жөнін атай келіп: «Осылардың арасында далалықтардан ағартушылық ісін жүргізуге бар зейінімен, ынта-жігерімен кірісіп, орыс әріптерімен қазақтың алғашқы кітабын шығарған Ы.Алтынсарин болады – деп жазды. – Ел арасында – Торғайда өмір сүріп (Алтынсарин – қазақ, қыпшақ), өзінің бар іс-сапарын тиімді пайдалана отырып, халқымен барынша тығыз байланысып, ол жайында, оның өнері мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде қазақ тілінде алғашқы кітаппен (үлгі-оқулық) қатар, орыс-қазақ грамматикасын, яғни («Руководство к начальному обучению киргизов русскому языку при помощи языка киргизского») жазып шығудың қажеттігін терең түсінді» деп жазды. [«Оренбургский листок», 1979, 2 желтоқсан].

Серікбай ОСПАНҰЛЫ,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы «Ы.Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығының» маманы.

● ТІРШІЛІК ТҮЙТКІЛДЕРІ

Жазмышқа мойын сұнып, бәріне көн,
Бірақ әділ айтқайсың сөзіңді жөн.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

Ертеректе бір анекдот (бұралқы әңгіме) естіген едім. Үлкен қаланың ортасында бір-бірін көптен көрмей жүрген екі дос кездесіп қалыпты деседі. Бірі:
– Оу, сәлем! Қалың қалай, не жаңалығың бар? – деп сұрағанда, екіншісі:
– Жаңалық сол, әйелімнен ажырасып кеттім!
– Дұрыс істегенсің, әйелің өте нашар адам еді ғой! – деп, досының ісін құптаған. Біраз уақыт өткен соң, достар қайта қауышқанда:
– Не жаңалық бар?
– Жаңалық – әйеліммен қайта қосылдым, – десе, досы:



Бізге “жалпақшешейлік” жараса ма?..

– Дұрыс істегенсің, қашанғы жалғыз жүресің, жақсыны қайдан табасың?! – деп досын қоштай жөнеліпті.

Иә, ешкімнің көңілін жықпай, жақсы болып көрініміз келетін мінезімізбен алысқа бара алмасымыз және оның салдары жан-жағымызда болып жатқан үрдістерге бей-жай қарауға апарып соқтырары сөзсіз. Дұрыс іске де, бұрыс әрекетке де бас шұлғау неге құштар болдық екен? Әлде, өткен күндердің “салқыны” ма, олай дейін десем...

Өткен күндерге зер салып, әлдебір беттерін қайтадан парақтап отырсаң, кешегі күні, әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын, кең-байтақ жерді бізге мұра ету үшін қаны мен терін төккен аталарымыздың еңбектері әділетсіз бөліске түсер қысылтаяң уақытта, қазақтың біртуар азаматы Жұмабек Тәшенов өзінің бас пайдасын ойламай-ақ, “Шаш ал десең, бас алатын” заманда, еліміздің біртұтастығын бұздырмағанының куәсіміз. “Ләпбай тақсыр, Сіздікі дұрыс!” дегенінің өзі, ерлік емес пе?! “Еркек тоқты құрбандық” деген аталар сөзін қағидат еткен, қилы-қилы замандарда Жұмабек ағамыз бен Қайрат Рысқұлбеков (Халық қаһарманы, Желтоқсан көтерілісінің құрбаны) ініміз сияқты жанқиярлық істерге бас тіккен азаматтарымыз жетерлік, олар бізге өнеге.

Бүгін бізге не болған? Абылай ханның түсін дәл жорыған Бұқар жырау айтқанындай тым ұсақталып бара жатқан жоқпыз ба, осы? Ал, арғы аталарымыздың батылдығы мен батырлығын, шешендігі мен турашылдығын айтқанда және олардың тікелей ұрпа-

ғымыз деп кеуде көргенде, алдымызға жан салмағанымыз кімге керек?! Өйткені біз, лауазымы үлкен адам ретсіз түшкірсе де, ойласпай-ақ “Жәрәкімалламыз” аузымыздан еріксіз түрде шығары және оның айтқанының дұрыс-бұрыстығына да қарамайтынымыз шындық. Сонда, бұл не? Айтар пікіріміз бен сөзімізді ешкім құлағына ілмегеннен бе, әлде ертеңгі күнге деген сенімнің аздығынан ба екен? Мүмкін, ол да жоқ емес шығар?! “Туралық – хақтың мейірі, туралық жолы мақсатқа жеткізеді” деген аталар өсиетін бүгінгі күні ешкім басшылыққа алмай және сенің айтқаның “Құмға сіңген судай” болып қалатынына көзің жетерін білген соң “Құдай салды, мен көндім” деген көнбістік пе? Мүмкін, біздің ішкі дүниемізде “өкізуділіктің” де қылаң беретін кездері де жоқ емес шығар, әйтеуір не керек, қалай болғанда да орынды жерінде шындықты дөп басып айта алмай, тіліміздің амалсыз күрметін сәттері көбірек. Ортақ кемшілік – іштен тынатынымыз. Ал, оның есесіне, “көңіл жықпас” мінезімізбен, біреуді ретті-ретсіз “түбін түсіріп” мақтағанда бізден озар ешкім жоқ. Жоқты-барға, айтылғанды істелген іске балауға әзірміз. Әсіресе, бұл әрекет біздер – үлкендер тарапынан көбірек кездесетіні рас. “Айтпасаң, сөздің ақысы кетеді” деген қағидаттан алшақтап кетіп бара жатқан сыңай бар.

Қазіргі уақытта Кеңес заманы тарапына сын айтпайтын адам кемде-кем шығар. Бірақ, ол заманда өткізілетін жиналыстарда “Тура биде туған жоқ...” принципі үстем болатын. Партия, комсомол, кәсіподақ және басқа да

жиналыстардан суын сыққан шүберектей болып шығатын едік, айтылған сын-ескертпелерден қорытынды шығаруға бет бұратынбыз, ал қазір тек бір-біріңді жерге түсірмей мақтай берсең болды – “жиналыс өте сәтті өтті” деп баға береріміз анық – “жалпақшешейлік” басым. Формализм етек жайып бара жатқан сияқты. Тек, ешкімге сын айтпа, бұқ та отыра бер, сонда сенен жақсы адам жоқ! Ал, лауазымды тұлғаны ретін тауып мақтай алсаң, мүмкін кезексіз “атақ-даңқ пен сый-сыяпатқа” ие болуың да ғажап емес. “Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болу” формуласы үстемдікке ие болуда. Сонда, әділдік пен шындықты айтуға кім және не кедергі? Мүмкін, бұл біздің қазақи тәрбиемізден шығар? Біреудің жасы үлкен, ал екіншісінің “өзі”, келесінің “көзі” жақсы дегендей, бірі құда, екіншісі жерлес тағысын тағылар... Әлде, Хакім Абай “Бірің қазақ, бірің дос...” дегенін дұрыс түсінбей жүрген шығармыз? Сайып келгенде, бізде “Сен тимесең, мен тимен...” принципінің басымдығы азаматтық позициямыздың әлсіреуіне әкеліп соқтырары айқын. Орыс халқы айтқандай “Моя хата с краю”. Бүгінгі таңдағы күнкөрісіміз бен күйбең тіршілігімізге бой үйретіп алғанымыз соншалық – жан-жағымызда болып жатқан әлеуметтік құбылыстарға енжарлықпен қарап, тек асүйде отырып-ақ, екеуара, сұқ саусағымызды шошайтып “төбедегілерге” бар кінәні арта саларымыз шындық.

Ғарышкерлеріміз зәңгір көкке ұшар алдында міндетті түрде көретін “Белое солнце пустыни” кинофильмінде басмач-баскесер Абдолла, кеден қызметкері Верещагинге “Керілікті дұрыс қарсы алу үшін жақсы әйел, ат пен үйден басқа не керек!” деп айтқан сарказмы бүгінгі күнгі күйбең тіршілігімізге дөп келетін пәлсәпа.

Расында, үйден шығарда, әйелім “Отағасы, сыртта жүргенде көзіңді жұмып, аузыңды жауып, құлағыңды басып жүргейсің. Бала-шаға, тұрмыс-тіршілігіміз бар, соны қанағат етейік, құдайға шүкір, тәуба!” дегені әрқашанда жадымда болғандықтан, өзім де бұзып-жарып ештеңе айта алман... Пендешілігім басым, сөйте тұра өзгелерге қалай кінә арта аламын?! Әділетсіздік пен өтірікке, жауапсыздық пен енжарлыққа шыдай алмай “басың” мен “көзің” барына қарамай, төтеден қиқу салатын бұла екпіннің бүгін қайда кеткені белгісіз, тек іштей кіжіну ғана...

Әйтпесе, бүгінгі күннің өзінде, біздің ортақ қауымдас-тығымыз – қаламызда шешуін күттірмей жатқан көкейтесті мәселелер және күнделікті тіршілігімізде ұлттық болмысымызға қайшы келетін оғаш істер мен бейәдеп қылықтар да аз емес. Олар, ішінара ауызекі айтылып және бұқаралық баспасөз беттерінде жазылып та жатыр, тек зер салып оқығаннан кейін нәтиже шығар болса?! Ал, оларды шешіп, тезге және жөнге салу өзімізге тікелей байланысты, сондықтан да өмір айнасына зер сала қарай отырып, кінәні әлдекімізге арта бермей, ішкі жан дүниемізге жіті үңілсек қана бой түзеріміз анық. Ғұламалардың сан ғасыр бұрын “Өмірді тұрмыс билейді” деп айтып кеткені бәріміздің есімізде, ал, тұрмысты түзеу үшін әрқайсымыздың өз күшімізге сай алға қарай талпынып және әркімнің өз ісіне жауапты екеніне көз жеткізе білсек, артықтығы жоқ-ау! Мүмкін, сонда ғана “жалпақшешейліктен” арылармыз?!

Қонысбай АҒУАНОВ,
еңбек ардагері.

Арқалық қаласы.

Әлеуметтік жобалар іс жүзінде

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық медицина колледжінің “ЗЭМ” жастар ұйымы жыл сайын облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша ұйымдастырылатын іскер жастар бірлестігінің әлеуметтік жобалар жәрмеңкесіне қатысып келеді. 2013 жылы “Салауатты өмір салты үшін” номинациясымен 50 мың теңгеге “Темекіні алмаға айырбастайсыз ба?” акциясын өткізді. 2014 жылы “Біз баршамыз бірдейміз” номинациясымен 60 мың теңгеге мүмкіндігі шектеулі балаларға Жаңа жыл шыршасын өткізді. 2015 жылы “Сенің азаматтық көзқарасың” номинациясымен аға буын өкілдері мен жастардың арасындағы байланысты нығайту мақсатында 35 мың теңгенің сертификатына ие болды.



– Ұйымның мақсаты: Елбасы бағдарламаларын насихаттау, жастардың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Жақында әлеуметтік жобамызды іске асыру үшін серіктестеріміз қалалық ардагерлер кеңесі және жергілікті телеарнамен бірге тыл ардагерлерін құттықтап, қариялардың батасын алып келдік. Ізгі шарамызды алдағы Ұлы жеңіс күні қарсаңында да жалғастырғалы отырмыз, – дейді жастар ұйымының жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жадыра Мұхамеджанқызы. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: әлеуметтік жоба жеңімпаздары.
Суретті түсірген автор.

Құрметті демалысқа шығарып салды

“НұрОтан” партиясының Арқалық қалалық филиалы аймақтық аурухананың мейірбикесі, “НұрОтан” партиясының бастауыш партия ұйымының төрайымы Ф.Самиғатова ны зейнеткерлікке шығуына орай “Қаланың саяси өміріне белсене атсалысып, “НұрОтан” партиясының бағдарламалық құжаттарын насихаттап, іске асуына зор үлес қосқаны үшін” Алғыс хатпен марапаттады.

Ғалия Самиғатова 1992 жылы Ресейден тарихи отанына оралған қандасымыз. Ол медицина саласына қырық жылға жақын саналы ғұмырын арнаған жан. Еңбек пен отбасылық өмірді қатар алып жүріп, төрт бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана. Он жылдан астам партияның бастауыш ұйымына басшылық жасап, зор патриоттық рухпен тыңғылықты қызмет көрсетті.

Салтанатты шақта “НұрОтан” партиясы қалалық филиалының кеңесшісі Берік Ғабдуллин, аймақтық аурухана-



ның бас дәрігері Қуандық Смағұлов және әріптестері сөз сөйлеп, құрметті демалыс иесіне ақжолтай тілектерін айтты.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: салтанатты шақтан көрініс.
Суретті түсірген автор.

● ЗЕРДЕ

ҚАЗАҚ даласына кеңінен таралған жырлардың бірі – "Бозұғлан". Дастанның түпнұсқасын шығарушы ретінде түрікменнің белгілі ақыны Ғұрбаналы Мағрупи есімі аталады. Түпнұсқасы XVIII ғасырда шығып, Орта Азия мен Қазақстанда бірнеше нұсқамен таралып, ел арасында жиі айтылған туындылардың бірі болған. Бұл жырдың мазмұнында Исфahan шаһарының патшасы Бозұғлан мен оның жиендері Ахметбек пен Жүсіпбектің басынан кешкен оқиғалары туралы баян етіледі. Жырдың ең алғашқы қазақша нұсқасы 1890 жылы Қазан қаласында жарияланған. Жариялаушы – Көзбергенұлы Ешбай. Шағатайша жазылған туындыны қазақша қалыпқа келтіріп, өңдеуге тырысқан Көзбергенұлының бұл нұсқасы 1894, 1904 жылдары Қазан қаласында қайтадан басылып шықты. "Бозұғлан" жыры қазақ даласында одан кейінгі жылдары жарық көрмеген.

Бозұғлан мен Ахметбек және Жүсіпбекке қатысты жырлардың М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының қолжазба қоры мен ҚР білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасында 11 нұсқасы сақтаулы тұр. Біз қарастыратын нұсқа "Ахметбек-Жүсіпбек қиссасы" Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы (ОФК: Ш.746, 2-дөптер). 1939 жылғы Қостанай экспедициясының жинаған материалдарының сана-тындағы бұл нұсқаның айтушысы не тапсырушысы туралы деректер берілмеген. "Бозұғлан" жырының жоғарыда аталған бұдан басқа нұсқаларының барлығының айтушысы мен тапсырушысының, жинаушысының есімдері белгілі және бұл нұсқалар "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының аясында жарық көрген жүз томдық "Бабалар сөзі" сериясының 47-ші томында басылып шықты.

"Бозұғлан" жырының біз қарастырып отырған нұсқасы туралы кітаптың ғылыми қосымшасында былай деп жазылған: "Ахметбек-Жүсіпбек қиссасы" 1939 жылғы Қостанай экспедициясының жинаған материалы. Жыршысы, айтушысы не тапсырушысы жөнінде еш мәлімет берілмеген. Жыр машинкаға басылған. Түпнұсқасы латын не арап әрпінде болуы мүмкін. Бірақ түпнұсқасы жайында еш нәрсе жазылмаған.

Қиссаны жырлаушы Қазан басылымының сюжетін сақтай отырып, өзінше көркем түрде жырлаған. Қисса жеті буынды жыр үлгісінде айтылған, кейбір тұстары он бір буынды өлшеммен жырланған. Нұсқаның тілі жатық, басқа тілден енген сөздер аз кездеседі. Қара сөз жоқтың қасы.

Жыр мазмұнында өзге нұсқалардан біршама айырмашылық бар. Ә.Бижанұлы, Қ.Өтешов нұсқаларында Жүсіпбек пен Ахметбек Бозұғланның екі қарындасынан туған ұлдары болса, бұнда бір қарындасынан туған жиендері. Көзалша екі батырды ұстап әкелгенге жарты қазынамды берем дегенде, мырза мәмбет Жүсіпбек-Ахметбекке келіп:

Бір күні ұйықтап жатып түс көріппін,
Өзімнің жастығымды-мыс көріппін.
Қондырған ай мен күндей өз қолына,
Бір екі аяқ баулы құс көріппін.
Қорықты осы құстан жұрттың бәрі,
Ұстаса асырамақ ынтызары.
Соңынан көп жұлдызды ұстап алып,
Құс кетті жоғарылап онан да өрі,

– деп түсін айтып, Шын-Машынан келген саудагер Баба Ғамбар ол құстың Үргеніштің балуандары Ахметбек пен Жүсіпбек екендігін, ай мен күн бастарындағы бағы, жұлдыздар соңынан ерген жарандары болғандығын жорып, соларға барып нөкер болатындығын айтқанын баяндап, екі батырдың сеніміне алдаумен кіреді. Басқа нұсқаларда Мырза Мәмбеттің түс көру мотиві кездеспейді. Бұндағы Қарагөз-Көзалша патшаның бас уәзірі Көкше шағырдың қызы. Басқа нұсқалардағы (Базар жырау т.б.) жау қолында отырғанда екі батырға қол ұшын беретін Бибінияз сұлу мәтінде тұтқындардың күзетшісі ретінде көрініс тапқан. Ол жау қолына жеті жасында тұтқын болып келген Исфahanдық түрікпен Бабанияз болып өзгерген..."

Қостанай экспедициясы кезінде табылған бұл жырдың осы өңірден шыққан ақын-жыршылардың біреуінікі шығар деген оймен жасаған ізденісіміз барысында "Ахметбек-Жүсіпбек қиссасының" авторы да табылғандай болды. Ол – Ахмет Байтұрсынұлының туысқан ағасы Спандияр Ақтасұлы. Спандияр Байтұрсынның ағасы Ақтас-тың баласы. Кей деректерде ақынның есімі Аспандияр деп те аталады. Өмір деректерінің басым көпшілігі белгісіз. Туған және өмірден өткен жылдары да мәлім емес. Оның туған жылы туралы тек болжам жасауымызға ғана болады. Белгілі ғалым Райхан Имаханбетова мұрағат деректері негізінде жазылған "Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны" атты монографиясында "Ағайындылар ішіндегі жолы үлкен Ақтас, арттарында қалған інісі Ерғазыға "...ұлы Аспандиярды (Спандияр) орысша оқуға бер" деп аманат етеді" деп жазады және Спандиярдың жасы Ахметтен үлкендігін айтады. Шошақ өулетінен шыққан Байтұрсын, Ақтас және Даниярдың (Сабалақ) 1885 жылы Торғай уезінің бастығы Я.П.Ковлөвтің басын жарғаны белгілі. 1886 жылы Қазан қаласынан келген әскери сот оларды "он бес жылға ит-жөккенге жер аудару туралы" қатал үкім шығарады. Ақтас-тың інісі Ерғазыға баласын оқытуды аманат етіп тапсырғаны осы кез. Демек, 1885-86 жылдары Спандияр әлі бала жаста деп топшылауымызға болады. Ел ішіндегі әңгімелерге қарағанда әрі әнші, әрі сері Қарабас Есебай би Спандияр Ақтасұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әбіқай Нұртазаұлы барлығы шамалас болса керек. Есебай сөздің бір реті келгенде соларды атап: – Біз қатарымыздан бір уыс топырақ артық жаратылғанбыз, – депті. Ах-

мет 1872 (өз деректері бойынша) жылы туған болса, Әбіқай 1871 жылы дүниеге келген. Бұл жөніндегі сұрағанымыда Ахметтанушы Ибрагим Ағытаевта Спандиярдың туған жылы Ахандармен шамалас екендігін жеткізді. Демек Спандияр Ақтасұлы XIX ғасырдың 70 жылдары туған деуімізге толық негіз бар. Өмірден өткен жылы туралы да нақты дерек жоқ. Тек 1937 жылы "Халық жауы" деген жаламен ұсталып, қуғында жүргенде Диксен жарты аралында өмірден өткендігі белгілі.

"Ахметбек-Жүсіпбек қиссасының" Спандияр Ақтасұлының шығармасы екендігі туралы дерек Сырбай Мәуленовтың "Өзен ағысы – өмір ағысы" атты естелігінде жазылған. Онда былай дейді: "Ақанның (Ахметтің) ауылында шәкірттері көп болды. Олардың көбі ұстазына еліктеп өлең шығаратын. Ақын болуға талаптанатын. Ақтастың баласы Спандияр көне Үргеніштің бектері Ахметбек, Жүсіпбек

жарияланған жырдың "Ғылыми қосымшасында" "түпнұсқасы латын не арап әрпінде болуы мүмкін" дегенді ескерсек салыстырған үзінділердегі айырмашылықтың қиссаны қағазға түсіру барысында кеткен қателік екендігі де айқындалады. Біздің зерделеуімізше жырдың түпнұсқасы Ахмет Байтұрсынұлы түрлеген арап әрпінде (төте жазуда) болған. Бұл 1-ші, 2-ші, 3-ші салыстырулардан көрінеді. Мысалы, 1-ші салыстырудағы үзінділердің соңғы жолындағы **"жазасын"** мен **"жарасын"** сөздері сәйкес келмейді. Айырмашылығы **"З"** және **"Р"** әріптерінде. Төте жазу бойынша бұл екі әріптің жазылуы бірдей. Айырмашылығы бір нокатта ғана. **"Р"** әріпінің үстіне нокат қою арқылы **"З"** әріпі жасалады. Егер жыр жолдарының мағынасын зерделесек бұл **"жазасын"** деген сөз екендігі көрінеді. Дұшпанына кектенген Ахметбектің **"Көзалшаһи көпірдің, жан жазасын беремін"** деуі сөзсіз.

■ Ахметбек-Жүсіпбек қиссасында "жан жазасын беру" деген жол бірнеше рет кездеседі:
■ ...Қырқысына қырық оқпен,
■ *Жан жазасын беріңіз.* (226 б).
■ ...Қырық мың үйден қырық тоғыз жігітті сайлады,
■ Дұшпанының жанжасын бөрсем деп. (207 б).
■ Екінші келтірілген мысалда **"жазасын"** сөзінің **"за"** буыны түсіп қалып алдыңғы **"жан"** сөзімен бірігіп кеткен. Мұндай бірігіп кеткен немесе қате жазылған сөздермен түсіп қалған жолдар қиссада жиі кездеседі. Бұған себеп "Бабалар сөзі" сериясымен шыққан еңбектердің Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми

“Ахметбек-Жүсіпбек”

жыры кімдікі?

туралы дастан жазды. Ол дастанды бір кезде қариялар жатқа айтып жүруші еді". Бұл жырдың үзінділері Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы шыққан "Әдебиет танытқыш" еңбегінде жарияланған. Біз "Әдебиет танытқышта" жарияланған үзінділер мен Орталық ғылыми кітапхана қорындағы "Ахметбек-Жүсіпбек қиссасын" салыстырып көрдік.

1) А.Б. "Әдебиет танытқыш":

Айналайын ағажан,
Бұл көпірге жалынба!
Көкірегің жасытып,
Бұрынғы күнді сағынба!
Патша құдай жар болса,
Көзел шайы көпірдің
Жан жазасын берермін.
(441, 442 б).

Ахметбек-Жүсіпбек:

Айналайын ағажан,
Бұл көпірге жалынба!
Көкірегің жасытып,
Бұрынғы күнді сағынба!
Патша құдай бар болса,
Көзалшаһи көпірдің
Жан жарасын берермін
(238-239 б).

2) А.Б. "Әдебиет танытқыш":

Ғасы болып Аллаға
Бұзылмағай діндерім.
Асылы дар астында
Зар айлаған тілдерім!
Бабай түкті *сопы Әзі!*
Көзіңді салшы пірлерім!
Көлімды көпір байлаған,
Аспаққа дарды сайлаған.
Балаудақтың көлінде
Қырық жігіт сені ертіп,
Күндерім көні, ойнаған?!
Мақсұтыма жетпедім,
Дүниедегі ойнаған.
Он сегіз мың ғаламның
Падисасы бір құдай,
Құлым дейтін күн өнді.
Қайрат *етіп* қан *төкпе*,
Қапалықта кеткенім.
Алды-артыңа қарамай,
Ырас па, дүние өткенің?
Егер *қалы қалмасам*,
Бұл секілді дінсізге
Пенде болар бек пе едім?!
Ақырын тілеп бұл істің,
Падисасы ғаламның,
Бір өзіңнен күткенім.
(242-243 б).

Ахметбек-Жүсіпбек:

Ғасы болып Аллаға,
Бұзылмағай діндерім.
Бабай түкті шашты өзің,
Сөзіңді салшы пірлерге.
Қолымды көпір байлаған,
Аспаққа дарын сайлаған.
Баһудіктің көлінде,
Қырық жігіт сені ертіп,
Күндерім көні, ойнаған?!
Мақсұтыма жетпедім,
Дүниедегі ойнаған.
Он сегіз мың ғаламның,
Падисасы бір құдай,
Құлым дейтін күн өнді.
Қайрат *етіп* қан *төкпе*,
Қапалықта кеткенім.
Алды-артыңа қарамай,
Ырас па, дүние өткенің?
Егер *қалы қалмасам*,
Бұл секілді дінсізге,
Пенде болар бек пе едім?!
Ақырын тілеп бұл істің,
Падисасы ғаламның.
(244 б).

3) А.Б. "Әдебиет танытқыш":

Ойран етіп тау-тасты,
Қанға бояп көз жасты,
Шөлдірлетіп қызылбасты,
Сайлап шаншар күн бүгін.
Асыл *алмас* пышақтары,
Тығырадан шашақтары,
Ахметжанның *қожақтары*
Жаннан кешер күндер бүгін.
Ғашырбектің сол озары,
Құрылсын маһшардың базары,
Бек Жүсіптің қошқарлары,
Қаннан кешер күндер бүгін.
Ат құлағын теңестіріп,
Бір-біріңе *кеңестіріп*,
Көпірлерді қойша қырып,
Майдан кешер күн бүгін.
(443 б).

Ахметбек-Жүсіпбек:

Ұран етіп тау-тасты,
Қанға бояп көз жасты,
Шүлдірлеген қызылбасты,
Сайлап шаншар күн бүгін.
Асыл *емес* пышақтары,
Нағрадан дүр шашақтары,
Ахметжанның *қожақтары*,
Жандан кешер күндер бүгін.
Құрылсын маһшардың базары,
Бек Жүсіптің қошқарлары,
Жандан кешер күндер бүгін.
Ат құлағын теңестіріп,
Бір-біріне *егестіріп*,
Шері бектер құрмаш-ай,
Мәдәт бер деп бір құдай,
Алтын керней, күміс сырнай,
Тартылды майдан ішінде.
(226-227 б).

Әдебиет танытқышта" берілген жырдың үзінділері Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапханадағы басқа нұсқалармен сәйкес келмейді. Тек Қостанай экспедициясы кезінде табылған нұсқа ғана мейлінше жақын. Салыстырып байқағанда айырмашылықтары аз. Бірнеше шумақтардың өзгешелігі мен жекелеген сөздердегі айырмашылықтар ғана бар. "Бабалар сөзінде"

кітапханада сақталған түпнұсқалардың негізінде еш өзгеріссіз берілуі. Жоғарыда келтірілген мысалдағыдай сөздердің қосылып кетуі, әріптердің немес тұтас сөздердің түсіп қалуы, кей сөздердің мағыналас сөздермен ауысуы секілді кемшіліктер қолжазбаларда жиі кездеседі. Сонымен қатар қолжазбаларды қазіргі жазу жүйесіне түсіру кезінде де кететін қателіктер аз емес. Салыстырулардағы **"Төкпей-Төкпе, Ғаси-Ғасы, Ойран-Ұран, Тығырадан – Нағрадан, Жаннан – Жандан, Қылып-Етіп, Қанға бояп көз жасты – Қанға көзі жасыны"** деген мысалдар осындай кемшіліктердің нәтижесі екені анық. Ахаң жасаған әліпбидегі И-Ы, О-Ұ, Т-Н әріптерінің ұқсастығы қолжазбаларны машинкаға басқан кезде едәуір қателіктердің кетуіне себепші болған. Қалғандары әріптермен сөздердің түсіп қалуымен мағыналас сөздерді қолданудың нәтижесінде болған айырмашылықтар.

Дастандағы сюжетте Ақтас-Байтұрсын оқиғасына өте ұқсас. Ахметбек-Жүсіпбек жырдың өзге нұсқаларында Бозұғланның екі қарындасынан туған қарындасы болса мұнда олар бір анадан туған ағайындылар ретінде баяндалады. Екеуі де (Ақтас-Байтұрсын мен Ахметбек-Жүсіпбек) билік иесімен наразы болғандықтан қуғын көреді. Жырда Бозұғлан хан уәзірлер сөзіне сеніп екі жиенін елден шетке жіберсе, өмірде Ақтас пен Байтұрсын өздерімен аталас Дәуітбай руымен наразылық кезінде, соларға бұрған уез басшысының басын жарып, қуғынға түседі. Жырда Ахметбек пен Жүсіпбекті Балаудақ көлінің жағасында сайран құрып жүрген кезінде тұтқынға алады. Өмірде Ақкөл жағасында ұстайды. Бұл оқиға Қарпық Шолақұлының "Ақтас-Байтұрсын" атты жырында да көрініс тапқан. Қиссаның осы оқиғаны суреттейтін жерін-де де Балһудік (Балаудақ) көлінің "Ақкөл" атымен аталуы да бұл туындының Спандияр Ақтасұлының шығармасы екенін дәлелдей түседі.

...Сайран өтсең не деді,

Ақкөлдің аулап бұлбұлын...

...Екі етіп арада,

Ақкөлге жетіп келеді... (219 б).

Жырда тұтқынға жатқан екі бекке Көзалша патшаның бас уәзірі Көкшешағрдың қызы Қарагөзбен күзетші Бабанияз көмек көрсетеді. Басқа нұсқаларда оларға көмек беретін адам патшаның жұбайы Бибінияз сұлу. Өмірде Сібірге айдалған тұтқындарға Ақтастың жұбайы Үбіжан бірге еріп барғаны белгілі. Енді Бабанияз жөнінде. Ахмет пен оның айналасындағы тұлғаларды зерттеп жүрген, өзі де Үмбетей руының тумасы Ибрагим Ағытаев өзінің "Ақан тұтынған Тобышақ" деген мақаласында Ақтас пен Байтұрсынға көмек көрсеткен түркімен дегдары туралы былай деп жазады: "3000 тұтқын арасында әртүрлі халық өкілдері бар. Неше түрлі жақсы-жайсаң. Солардың бірі – Ақтаспен төс түйістіріп дос болған түркімен жігіті Тілеген еді". Мақала авторы Тілегеннің тұтқыннан босағаннан кейін Ақтас-Байтұрсын ауылында 40 күн қонақ болғанын, түрікменнің "Бабай Көктем" атты жырын айтып бергенін жеткізеді. Мақаладан байқағанымыздай түркімен дегдары да тұтқын. Қиссадағы Бабанияз да күзетші бейнесінде бейнеленгенімен, жау тұтқынына түскен адам.

...Жау шауып елімізді сол заманда,

Қолында мен сол жаудың тұтқын болдым. (252 б).

Біз бұл мақаламызды қорытындылай келе Қостанай экспедициясы кезінде табылған "Ахметбек-Жүсіпбек" қиссасы Спандияр Ақтасұлының шығармасы деп тұжырымдаймыз. Бұған жоғарыда келтірген мысалдар мен дәйектер айғақ. Қиссадағы кейіпкерлермен өмірдегі тұлғалардың іс-әрекетіндегі, ғұмыр жолындағы осыншама сәйкестіктің болуы кездейсоқтық болмаса керек. Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиімен қазіргі һаріпті салыстырып отырып жасаған талдауларымыз бен салыстыруларымызда аталған жырдың Спандияр Ақтасұлының шығармасы екендігіне көзімізді жеткізе түседі. "Бабалар сөзінің" 47 томында басылып шыққан "Ахметбек-Жүсіпбек" қиссасын алдағы уақытта Спандияр Ақтасұлының шығармасы деп ғылыми айналымға түсіруге толық негіз бар.

Батырлан САҒИНТАЕВ,
Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы
облыстық мұражайының ғылыми қызметкері.

Кісі келбеті

1. Сопақ жүз. Бұл жоғары парасатты, зиялы. Сергек, сезімтал. Сондай-ақ қулыққа, айлакерлікке бейімдері де бар.

2. Төрт бақ жүз. Бұл күресе білетін, бірақ өте шабан ойлайтын, дерекіліктен де, қаталдықтан да ада емес, бірбеткей әрі тікбақай. Ал, мұндай әйелдер бітсе, онда оның диктаторлық қабілеті бар және отбасында билік жасауға икемділеу болғаны, әрі бұл әйел өзін ер адам орнына балайды. Бірақ не істесе де сабырмен, ақылмен істейді. Сөзіне ел сенетін, соңынан жұрт еретін кәсіпкерлер көбінесе осындайлардан шығады. Олар ойға алғанын жүзеге асыруда табанды.

3. Томпақ бет. Қырынан қарағанда томпақ бет кісі қалжыңға бейім, ақжарқын келеді.

4. Сопақша бет. Саясаткерлер мен үкімет билігіне ие адамдарда жиі кездеседі. Ол сонымен бірге, адамның ақсүйек тұқымынан шыққандығын да көрсетеді.

5. Жалпақ бет. Көбінесе маңдайы биік зерделі жандарға және ерік-жігері әлсіз өнер адамдарына тән. Беттің мұндай типі негізінен тым шамшыл емес әйелдер арасында көп ұшырасады.

6. Дөңгелек жүз. Мейірбандықтың, ақ жарқын, ашықтықтың белгісі. Ондай адам жайлы тұрмыс үшін жанын салады. Ол – маңайымен тіл тапқыш, қарапайым турашыл, еңбекқор, айналасына жайлы, оларға қолайлы жағдай жасай алатын адам.

7. Ат жақты. Ақсүйектігі басым адамға тән. Олардан іскер ұйымдастырушы, мықты басшы шығады. Оның жұртты бастауға икемі бар, зиялы, іскерлік қабілеті мол. Қажыр-қайраты мен ерік-жігері де бір басына жеткілікті.

8. Жазық, кең маңдай. Ол ақылдылықтың, ойлылықтың нышаны. Мұндай адамдар интеллектуалдық қызметке бейім. Осындай маңдайды шаштың етегі дөңгелек жиектеп тұрса, табандылықты, турашылдықты көрсетеді. Кең маңдай – ақыл, ойдың кемелділігі.

9. Қусырылған тар маңдай. Мұндай маңдай иесінің көбінесе интеллекті төмен болады. Алайда өмірге икемді, өзіне-өзі сенімді. Аяғын қашанда нық басады. Егер осындай маңдайға шаш тым төмен орналасса, етегі тым төмен түсіп тұрса, қарабайырлықтың, орта қолдылықтың нышаны саналады. Тар маңдайлы адам құнтты, пысық келеді.

10. Жалпақ маңдай. Адамның маңдайы жалпақ, иегі сүйірленіп, үшбұрыштанып келсе, мұндай кісінің есте сақтау қабілеті жақсы, бірақ та мінезі құбылмалы. Оның өте сезімталдықтан қолға алған ісінен тез жалыға салатын қасиеті

де жоқ емес.

Туыстың кім екенін, басыңа іс түсіп, жалалы болғанда білерсің.

Бауырдың кім екенін, жаның күйзеліп, жаралы болғанда білерсің.

Достың кім екенін, өмір өткелдерінен өтіп, саналы болғанда білерсің.

Жолдасың кім екенін, басыңнан бақ тайғанда білерсің.

Баланың кім екенін күш-қуатың кетіп, қартайғанда білерсің.

Келіннің кім екенін, жағдайың кетіп, жантайғанда білерсің.

Әйелдің кім екенін, шаңырағың шайқалғанда білерсің.

Жігіттің астындағы атын көріп, жетер жерін біл.

Атының ер-тұрманын көріп, жігіттің шыққан тегін біл.

Үстіндегі киіген киімін көріп, кісілігін, жігіттігін біл.

Сөйлеген сөзін тыңдап, алған білімін, тәлім-тәрбиесін біл.

Алтын табақтан ас ішкеніңнің керегі не, ішкен асыңның дәмі болмаса.

Ұзақ ғұмыр кешкеніңнің керегі не, ғұмырыңның мәні болмаса.

Еңсесі биік шаңырағыңның керегі не, астында сәні мен әні болмаса.

Қас-қабақ

1. Жіңішке қас. Егерде адамның қасы жіңішке болса, ол – талғампаз, кірпияз, ашуланшақ жан.

2. Түзу қас. Адамның қасы түзу болса, ол – елгезек, тіл алғыш адам.

3. Қиылған қас. Мұндай қас қиялшыл адамдарға тән.

4. Алшақ қас. Егерде адамның екі қасының арасы бір-бірінен алшақ тұрса, ондай адам басқалардың ықпалына тез түседі.

5. Түйіскен қас. Егерде адамның екі қасы бір-бірімен түйісіп тұрса, бұл жүйкесінің мықтылығын білдіреді.

Көз. Шығыс тәуіптері, сәуегейлері көзге қарап көп нәрсені анықтаған. Мысалы, көзінің ақ етінен қызарған қан тамырлары білініп тұрса, ол жүйкесі жұқара бастаған адам, дене күші де, ақыл-ой күші де қажыған.

(Шартараптан).

Ғаламдағы ең қымбат...

Жұрттың көбісі әлемдегі ең қымбат алтын мен гауһар тас деп ойлары хақ. Бірақ олай емес екен. Құндылықтар ауысыпты.

Бірінші орынға бір граммының құны 62,5 триллион доллар тұратын минерал (Антивещество) шыққан. Бұл жер жүзіндегі бұрын-соңды болмаған ең қымбат дүние. Бұл әзірге еш жерде кәдеге асқан жоқ. Болашақта ғарыш кемесіне аса тиімді жанармай ретінде пайдаланылуы ықтимал. Сол сияқты мұның аса қымбат технология өндіру үшін пайдалану үшін ғылыми негізі енді жасалып жатыр.

Екінші орында Калифорний 252 деп аталады. Бір граммы – 27 миллион доллар тұрады. Бұл бағалы металл 1950 жылы ашылғалы бір-ақ рет өндіріліпті. Бірақ әлі пайдаланылмай келе жатыр.

Үшінші орынға әдеттегідей гауһар тас (бриллиант) ие. Бұл арнайы өңдеуден өткенде барып әшекей заттарына тасын көбірек пайдаланылған сайын бағасы да өсе түседі.

Ал, **төртінші орында** Тритий деп аталатын металл. Құны 30 мың доллар (грамм). Мұны арнайы түнгі жазуларды жарқыратып тұру үшін пайдаланылады.

Бесінші орында – Таффейт. Граммының құны 2,5-20 мың долларға дейін. Бұл өте сұлу әрі сирек кристалл. Мұны табу алмастан миллион есе қиын.



Гутенберг библиясы – 25-35 млн. доллар. Бұл Еуропа баспасынан шыққан туынды. 1456 жылы Гутенберг осы кітаптың 180 нұсқасын басып шығарған. Оның 45-і пергамент қағазында, ал қалғаны итальяндықтардың сулы белгілері бар қағазына басылған. Қазіргі таңда әлемде Библияның 48 нұсқасы сақталған. Кітаптың тым қымбаттылығы оның тұңғыш шығуы мен сапасына байланысты болды. Кітаптың жарыққа шыққанына 5 ғасырдан асып кетсе де, оның қағазы қатты және әріптері де толық оқылады. Гутенберттің өзі арнайы жасаған бояудың сыры да әлі беймәлім. Бұл кітаптың барлық нұсқалары әлемнің әр түкпірінде атақты музей мен тарихи кітапханалардың сөресінде тұр.

Әлемдегі ең қымбат көйлек – малайзиялық Файзоль Абдулланың туындысы. Көйлектің құрамында Mouawad зергерлік компаниясы ұсынған 751 дана гауһар бар. Nightingale of Kuala Lumpur аталатын көйлектің бағасы 30 млн. долларды құрайды.

Бүгінгі таңдағы әлемдегі ең үлкен жеке тұрғын үй Үндістанда орналасқан. 27 қабатты «Антилла» жекежайының құны 2 миллиард доллардың шамасында, оның иелері – үнділік миллиардерлер Мукеш және Ните Амбани. Үйдің ауданы – 3 мың 700 шаршы метрден асады. Көптеген қонақ күтетін жатын және жуынатын бөлмелерден басқа, бұл үйде тоғыз лифт, алтықабатты гараж, көрме залы, бірнеше бар және шағын театр бар.

25 әдеттен қашық бол:

1. Ұнамайтын нәрсеге төзу;
2. Сенің өз-өзіңе бағаңды төмендететін адамдармен араласу;
3. Басқалар не айтар екен деп алаңдау;
4. Ағыспен жүзу және кедергісі аз жолды таңдау;
5. Өз пікірің мен сезіміңді өзінде сақтау;
6. Тәуекел етуден қорқу;
7. Барлығына жағуға тырысу;
8. Жақындарың мен ата-ананды ұмыту;
9. Бос уақытты төрт қабырғада өткізу;
10. Өмір бойы асығу;
11. Өзіңді кінәлау;
12. Қателесуден қорқу;
13. «Қолымнан келмейді» деп айту және өзіңді сәтсіздікке байлау;
14. Өзіңді басқалармен салыстыру;
15. Өткен күндер шырғалаңынан шыға алмау;
16. Болашақты ғана ойлау;
17. Өмірге налу;
18. Кек сақтау;
19. Қажет емес заттарды сатып алып, сақтау;
20. Жауапкершілікті басқаларға арту;
21. Орындай алмайтын уәде беру;
22. Жаман нәрсені ойлау;
23. Ұялу;
24. Көре алмау;
25. Қабақ шыту.

(Нейл Фьоренің «Жаңа өмірді бастаудың жеңіл жолы» атты кітабынан үзінді).

● ДУ-ДУ ДҮНИЕ

60 жыл бойы жуынбаған адам

Ирандық Аму Хаджидың жасы 80-де. Тұрақты мекен-жайы жоқ қарияның денесіне 60 жылдан бері су тимеген.

Терісі адамнан гөрі кесірткенің немесе пілдің терісіне ұқсайды. Ал, көздерін анықтап қарамасаңыз көру қиын. Иісінің жағымсыздығы сонша, қасына адам жақындау мүмкін емес дейді жергілікті тұрғындар. Қарт кісі Фарс провинциясындағы Дежаа елді мекенінің іргесінде өмір сүреді. Аму Хаджи тым еріншек, ешбір әрекеті жоқ адам. Ал, оның басты қазынасы – темірден жасалған құбыр. Оның ішіне қария кепкен қи салып, темекі ретінде шегеді. Амуды суретке түсіруге шетелден келген фотограф оған кәдімгі темекі беріп көрген. Қария бірден

5 данасын тұтатып шеккен кезде, шетелдік жағасын ұстаған. Аму көп жылдан бері ауыл іргесіндегі тастанды ғимаратты баспана еткен. Қысы-жазы осында. Күнінің көп бөлігін ол қимылсыз өткізеді, ұйықтайды немесе жай күнге қыздырынып жатады. Ал, түн суық болған сәтте оған шынымен де қиын. Аму жылыну үшін қолындағы барын жамылуға мәжбүр. Оның неліктен бұлайша қаңғыбас болғанын ешкім білмейді. Өзі де айтқысы жоқ. Тіпті, не үшін жуынбайтынын да айтпайды.

Аму өлген аң-құстың, үй жануарларының етін отқа ыстап жейді. Ал, кейде жергілікті тұрғындар тамақ әкеліп береді.

(Шартараптан).

Ән жетті қырандар мекенінен

1-бет ...Торғай таланттарының ән кеші өтетіндігінен алдын-ала хабардар болған көпшілік қалалық балалар шығармашылық үйіне екі сағат бұрын жинала бастады. Сағат тілі 18.00-ді соққанда концерт залында бос орын қалған жоқ. Өнер мерекесіне сәл кешігіп келгендердің өздері тікесінен-тік тұрып көруге мәжбүр болды.

Шымылдық түріліп, музыка ойнай жөнелді де қос жүргізуші ортаға шықты. Екеуі де олқы емес. Республикалық "Жас қанат-2007" ән байқауының жүлдегері Әсел Іргебай және облыстық "Қостанай таңы" газетінің тілшісі Кенже Қонысбай

ұсынды. Бұдан соң Ахмет Байтұрсынұлының әйгілі "Аққұмы"



шырқалды. Мұны танымал әнші Азамат Мұқатов нәшініне келті-

шырқаған Рысты Ерденқызы мен Тұрған Талғабеков тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді. Залдағы қошемет көпке дейін тынған жоқ.

Бұдан соң сахнаға жыршы-термеші Абзал Алпысов көтерілді. Ол Нұрхан Ахметбековтің әйгілі "Торғайдан сәлем" термесін орындап берді.

Қостанай-Торғай жұртшылығына аты мәшһүр домбырашы, дәулескер күйші Абай Әмірханов есімін білмейтіндер кемде-кем. Қостанайдағы "Мирас" ансамблі құрып, өмірден озғанша жетекшілік еткен Абай ағамыз Алтынсарин ауданындағы "Мұрагер" ансамблінің жетекшілері Айбек Сыздықов пен Біржан Жүзбайдың ұстазы болған. Кешті жүргізушілер де Әбекеңнің әруағын бір аунатып тастады. Ансамбль Асан қайғының "Ел айрылған" күйін орындаған соң, сахнаға танымал әнші Оразбек Ғалымов шығып "Арқалығым менің" әнін асқақтатты.

Ән кешінде Отаркүл Мұқатова Қ.Әбіловтың "Бала махаббаты", Б.Хамзиннің "Торғай қызы" әндерін орындаса, Ботакөз Дүбірбаева С.Оспанұлының өлеңіне жазылған М.Сәдібековтың "Шилі өзенін" әуелетті. Қорғаныс министрлігінің әншісі Әсел Іргебай А.Дүйсеновтың "Тәуелсіздік таңы" әнімен көптің көңілін бір желпіндіріп тастады. Сондай-ақ, композитор Аман-



әнін, Қажымұрат Баймусин А.Мұқатовтың өлеңіне жазыл-

шын Ерқосайқызы және Гауһар Сағиболла Бақытжан Байқадамовтың "Айгөлек" әніне еліттірді. Атақты композитор Болат Хамзиннің қызы Гүлзат Хамзина әкесінің "Жас құрақ" ән-реквиемін келістіре шырқады. Тағы бір талантты әнші Асхат Шыңғысов Алтынбай Сейітқасымовтың "Бала кезім-ай" әнін орындап берді. Ал, белгілі өнер шебері, әнші Гүлнар Үсенова жас композитор Жаная Рысмағамбетованың "Астанам-айбарым" әнін келістіре айтса, Дидар Ыбыраева жас композитор, марқұм Ерлан Нұрманғалиевтің "Жүрегімнің алауы" әнін орындады. Жанболат Сәуекенов ақын Н.Мұқатовтың өлеңіне жазылған Б.Сәуекеновтың "Қазыналы Қостанай" әнін әуелетті.

Айтпақшы, Торғай таланттарының ән кешіне композитор Алтынбай Сейітқасымов пен ақын Серік Тұрғынбековтер арнайы келіп қатысты. Бір сөзбен айтқанда, Қостанай төрінде тұңғыш рет ұйымдастырылған өнер мерекесі шын мәнінде жоғары деңгейде өтті. Мұны концерт көруге келген кісілер де жасырған жоқ. Торғай таланттарының ән кешін өткізуге Алтынсарин ауданының әкімі Батырбек Ахметов демеушілік жасады.

СУРЕТТЕРДЕ: ән кешінен көріністер.

Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



тамаша бір өнер кешінің басталғанын жиналғандарға паш етті. Іле сахнаға шыққан белгілі



айтыскер, республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы Айбек Қалиев туған жерге деген сағыныштан туған "Торғайға арнау" атты толғауын

ре орындап берді. Несін айта-сыз, кештің өне бойында Торғай композиторларының әндері бір толастаған жоқ. Сол Ахаң мен Жақаңа арналған "Қос бөйтерек" әні Бақытжан Сәуекенов пен Мұрат Нағашыбайдың орындауында сәтті шықты. Қалибек Деріпсалдин өзінің "Ер Жәнібек" әнін асқақтатты. Бұл әннің сөзін ақын Серік Тұрғынбеков жазған. Ал, жас күйші Ыбырай Есжанов Н.Тілендиевтің "Аққу" күйін шалқытты.

Жиналған үлкен кісілер жағы өз дәуірінің әншілерін сағынатыны даусыз. Солардың дауыстарын аңсайды. Кештің сценарийін жазған ақын Нұрболат Мешітбаев осы жағын қалт жібермеуге тырысқан. Композитор Әбілахат Еспаевтың Ғ.Қайырбековтың сөзіне жазылған "Торғай таңы" әнін қос дауыста



келді Досжанов Қ.Әбіловтың сөзіне жазылған өзінің "Думан"

ған "Жаса, Торғай!" әнін шырқады. Жас балауса әншілер Ла-

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.